ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

ӨРТТІ СӨНДІРУГЕ АРНАЛҒАН КӨБІКТЕНДІРГІШТЕР

Жалпы техникалық шарттар

ПЕНООБРАЗОВАТЕЛИ ДЛЯ ТУШЕНИЯ ПОЖАРОВ

Общие технические условия

ҚР СТ 1609–2014

(ГОСТ Р 50588–2012 Өртті сөндіруге арналған көбіктендіргіштер. Жалпы техникалық талаптар мен сынақ әдістері, MOD)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

gost.e-ecolog.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

ӨРТТІ СӨНДІРУГЕ АРНАЛҒАН КӨБІКТЕНДІРГІШТЕР

Жалпы техникалық шарттар

ҚР СТ 1609–2014

(ГОСТ Р 50588–2012 Өрттi сөндiруге арналған көбiктендiргiштер. Жалпы техникалық талаптар мен сынақ әдістері, MOD)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

Алғысөз

1 Қазақтан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігінің «Өрт қауіпсіздігі және азаматтық қорғаныс ғылыми-зерттеу институты» акционерлік қоғамымен **ӘЗІРЛЕП**

Қазақтан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігінің Өртке қарсы қызметі комитетімен **ЕНГІЗІДІ**

2 Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2014 жылғы «31» қазандағы № 223-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт түсіндірмелері «Кіріспе» құрылымдық элементінде берілген өнімнің сынақ әдістеріне ережелерді енгізу жолымен ГОСТ Р 50588–2012 «Өртті сөндіруге арналған көбіктендіргіштер. Жалпы техникалық талаптар мен сынақ әдістері» (әрі қарай мәтін бойынша – ГОСТ Р 50588–2012) Ресей Федерациясының ұлттық стандартына қатысты түрлендірілген, және мәтін бойынша көлбеу қаріппен белгіленген.

ГОСТ Р 50588–2012 Ресей Федерациясының Азаматтық қорғаныс істері, төтенше жағдайлар және табиғат апаты салдарларын жою жөніндегі министрлігінің «Бүкілресейлік өртке қарсы қорғаныс ғылыми-зерттеу институты» Федералды мемлекеттік мекемесімен әзірленген.

Негізінде осы стандарт әзірленген ГОСТ Р 50588–2012 ресми даналары, сондай-ақ сілтеме берілген мемлекетаралық стандарттар мен халықаралық құжаттар Нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қорында бар.

ГОСТ Р 50588–2012 құрылымын осы ұлтық стандарттың құрылымымен салыстыру К қосымшасында берілген. ГОСТ Р 50588–2012 құрылымы Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттарының құрылуы, баяндалуы, ресімделуі және мазмұны ерекшеліктеріне байланысты өзгертілген.

Сәйкестік дәрежесі – түрлендірілген (MOD)

4 Осы стандартта Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы № 603-II «Техникалық реттеу туралы», 2007 жылғы 21 шілдедегі № 302-III «Химия өнімдерінің қауіпсіздігі туралы», 2014 жылғы 11 сәуіріндегі № 188-V «Азаматтық қорғау туралы», 2008 жылғы 21 наурыздағы №277 «Буып-түюге, таңбалауға, зат белгі жапсыруға және оларды дұрыс түсіруге қойылатын талаптар» техникалық регламентін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы, 2009 жылғы 16 қаңтардағы №16 «Объектілерді қорғауға арналған өрт техникасының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентін бекіту туралы, қаулыларының нормалары жүзеге асырылды

5 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ 2019 жыл

ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ 5 жыл

6 ҚР СТ 1609-2006 **ОРНЫНА**

Осы стандарттың өзгертулері туралы ақпарат «Қазақстан Республикасының стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттары» сілтемесінде, ал өзгертулер мәтіні - «Ұлттық стандарттар» ай сайынғы ақпараттық сілтемелерінде жарияланады. Осы стандарт қайта қаралған (жойылған) немесе ауыстырылған жағдайда тиісті ақпарат «Ұлттық стандарттар» ақпараттық сілтемесінде жарияланады

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

Мазмұны

	Кіріспе	IV
1	Қолданылу саласы	1
2	Нормативті сілтемелер	1
3	Терминдер мен анықтамалар	3
4	Классификация	3
5	**Жалпы техникалық талаптар**	5
6	**Қоршаған ортаны қорғау қауіпсіздік талаптары**	7
7	Сынақ әдістері	8
8	Тасымалдау және сақтау	25
9	Пайдалану жөніндегі нұсқаулық	26
10	Өндіруші кепілдігі	27
	А қосымшасы (міндетті). Қабылдау, қабылдау-өткізу, кезеңдік және сертификатталған сынақтардың бағдарламасы	28
	Б қосымшасы (міндетті). Қатты және теңіз су модельдері	30
	В қосымшасы (міндетті). Теңіз және қатты суды пайдаланғанда көбік сүзгіштердің шылағыш қабілетінің көрсеткішін анықтауға арналған құрылғының сұлбасы	31
	Г қосымшасы (міндетті). Көбік еселігі мен беріктігін анықтауға арналған қондырғының сұлбасы	33
	Д қосымшасы (міндетті). Екпінді орташа көбік генераторының сұлбасы (стендті әдіс)	36
	Е қосымшасы (міндетті). Орта еселі көбікпен сұйықтықтың жану уақытын анықтауға арналған қондырғы сұлбасы	37
	Ж қосымшасы (ақпараттық). Жұмыстық ерітіндінің беткі қабатты созылуын анықтауға арналған тензиометр сұлбасы	39
	И қосымшасы (ақпараттық). Көбіктендіргіштерді (шылағыштарды) қолдану бойынша нұсқаулық	40
	К қосымшасы (ақпараттық). ГОСТ Р 50588–2012 құрылымын осы стандарт құрылымымен салыстыру	43
	Библиография	44

Кіріспе

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы, 2009 жылғы 16 қаңтардағы №16 «Объектілерді қорғауға арналған өрт техникасының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентінің 203, 275 - 277 тарауында бекітілген талаптарды орындау мақсатында әзірленген және техникалық регламентке дәлелді база болып табылады.

Осы стандарттың құрылымына **ГОСТ Р** 50588–2012 қатысты 8.4 СТ РК 1.5–2013 талаптарына сәйкес қабылдау ережелері мен сынақ әдістерін бекітетін құрылымы, мазмұны, көрнекілігі және стандарттардың іске асуы бойынша қосымша бөлімдер енгізілген.

ГОСТ Р 50588–2012 байланысты осы стандартқа енгізілген негізгі өзгертулер төменде көрсетілген:

а) «Жалпы техникалық талаптар. Сынақ әдістері» стандарт бөлігіндегі атауы ҚР СТ 1.5-2013 талаптарына сәйкес «Жалпы техникалық шарттар» өзгертілген;

в) енгізілген:

- 4 бөлім «Классификация», 6 «**Қоршаған ортаны қорғау қауіпсіздік талаптары», 8 «**Тасымалдау және сақтау», 9 «Пайдалану жөніндегі нұсқаулық», 10 «Өндіруші кепілдігі», 5.2 «Жиынтықтылық», 5.3 «Буып-түю мен таңбалау», 7.2 «Сынақ құралдары» бөлімдері;

г) қосымша талаптар енгізілді:

- көбіктендіргіштер (дымқылдандырғыш) сапасына (5.1 бөлім);

д) Қосымшалар енгізілді:

А қосымшасы (міндетті). Қабылдау, қабылдау-өткізу, кезеңдік және сертификатталған сынақтардың бағдарламасы

Б қосымшасы (міндетті). Қатты және теңіз су модельдері

В қосымшасы (міндетті). Теңіз және қатты суды пайдаланғанда көбік сүзгіштердің шылағыш қабілетінің көрсеткішін анықтауға арналған құрылғының сұлбасы

Г қосымшасы (міндетті). Көбік еселігі мен беріктігін анықтауға арналған қондырғының сұлбасы

Д қосымшасы (міндетті). Екпінді орташа көбік генераторының сұлбасы (стендті әдіс)

Е қосымшасы (міндетті). Орта еселі көбікпен сұйықтықтың жану уақытын анықтауға арналған қондырғы сұлбасы

Ж қосымшасы (ақпараттық). Жұмыстық ерітіндінің беткі қабатты созылуын анықтауға арналған тензиометр сұлбасы

И қосымшасы (ақпараттық). Көбіктендіргіштерді (шылағыштарды) қолдану бойынша нұсқаулық

К қосымшасы (ақпараттық). ГОСТ Р 50588–2012 құрылымын осы стандарт құрылымымен салыстыру

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

ӨРТТІ СӨНДІРУГЕ АРНАЛҒАН КӨБІКТЕНДІРГІШТЕР

Жалпы техникалық шарттар

Енгізілген күні 2016.01.01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт көбіктендіргіштерді қолданатын Қазақстан Республикасы аймағында жүзеге асырылатын, арнайы және өрт сөндіргіш қондырғылардың көмегімен ауа-механикалық көбікті немесе сулы ерітіндіні дымқылдандырғыш ретінде пайдалануға арналған, ГОСТ 27331 А және В өрт сөндіру класстарында қолданылатын отандық және шетелдік өндіріске таралады.

Стандарт ережелері отандық өнім өндірісінде, өткізуде және жаңартуда өнімді әзірлеуде және өндіріске қоюда қолданылады

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін келесі сілтемелік нормативтік құжаттар қажет:

ҚР СТ 2.4–2007 Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі. Өлшем құралдарын тексеру. Ұйымдастыру және жүргізу тәртібі.

ҚР СТ 2.21-2007 Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі. Сынақтарды жүргізу және өлшеу құралдарының түрпатын бекіту тәртібі.

ҚР СТ 2.30-2007 Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі. Өлшем құралдарына метрологиялық аттестаттау жүргізу тәртібі.

ҚР СТ 2.75-2009 Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі. Сынақ жабдығын аттестаттау тәртібі.

ҚР СТ 12.0.002-2010 Еңбек қауіпсіздігінің стандарттар жүйесі. Ұйымдарда еңбекті қорғауды басқару жүйесі. Тәуекелдікті бағалау және басқару басшылығы.

ҚР СТ 1088 -2003 Өрт қауіпсіздігі. Терминдер мен анықтамалар.

ҚР СТ 1714–2007 Өрт сөндіру техникасы. Өрт сөндіру жабдығы. Қысыммен өрт сөндіру өңеші. Өрт қауіпсіздігінің техникалық талаптары. Сынақ әдістері.

ҚР СТ 1721-2007 Мотор жанармайлары. Этилденбеген бензин. Техникалық шарттар.

ҚР СТ ИСО/МЭК 17025–2007 Сыналатын және калибрлеу зертханаларының құзіреттілігіне қойылатын жалпы талаптар.

ГОСТ 2.601–2006 Конструкторлық құжаттаманың бірыңғай жүйесі. Пайдалану құжаттары.

ГОСТ 4.99–83 Өнімнің сапа көрсеткіштер жүйесі. Өрт сөндіруге арналған көбіктендіргіштер. Көрсеткіштер номенклатурасы.

ГОСТ 12.0.004-90 Еңбек қауіпсіздігінің стандарттар жүйесі. Еңбек қауіпсіздігіне оқытуды ұйымдастыру. Жалпы талаптар.

ГОСТ 12.1.007–76 Еңбек қауіпсіздігінің стандарттар жүйесі. Зиянды заттар. Классификация және қауіпсіздіктің жалпы талаптары.

ГОСТ 12.1.044–89 Еңбек қауіпсіздігінің стандарттар жүйесі. Заттар мен материалдардың өртке жарылуға қауіптілігі. Көрсеткіштер номенклатурасы және оларды анықтау әдістері.

ГОСТ 12.0.230-2007 Еңбек қауіпсіздігінің стандарттар жүйесі. Еңбекті қорғауды басқару жүйесі. Жалпы талаптар.

ГОСТ 12.2.003-91 Еңбек қауіпсіздігінің стандарттар жүйесі. Өндірістік жабдық. Жалпы қауіпсіздік талаптары.

ГОСТ 12.4.011–89 Еңбек қауіпсіздігінің стандарттар жүйесі. Жұмыскерлерді қорғау құралдары. Жалпы талаптар және классификация.

ГОСТ 33–2000 Мұнай өнімдері. Тұтқырлықты кинематикалық анықтау және динамикалық есептеу әдісі.

ГОСТ 427 -75 Металл өлшегіш сызғыштар. Техникалық шарттар.

ГОСТ 1510–84 Мұнай және мұнай өнімдері. Таңбалау, орау, тасымалдау және сақтау.

ГОСТ 1770–74 Зертханалық өлшемді шыны ыдыстар. Цилиндрлер, бөлшектер, құтылар, сынауықтар. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 2405-88 Манометрлер, вакуумметрлер, мановакуумметрлер, кернеу өлшегіштер, тартым өлшегіштер және тартым кернеу өлшегіштер. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 2517–85 Мұнай және мұнай өнімдері. Сынаманы таңдау әдістері.

ГОСТ 2603–79 Ацетон. Техникалық шарттар.

ГОСТ 2874–82 Ауыз су. Тазалық талаптары және сапаны бақылау.

ГОСТ 4166–76 Реактивтер. Күкірт қышқылды натрий. Техникалық шарттар.

ГОСТ 4209–77 Реактивтер. 6- сулы хлорлы магний. Техникалық шарттар.

ГОСТ 4233–77 Реактивтер. Хлорлы натрий. Техникалық шарттар.

ГОСТ 5398–76 Тоқыма қаңқалы резеңке қысымды сорғыш арқауланбаған өңештер. Техникалық шарттар.

ГОСТ 6709–72 Тазартылған су. Техникалық шарттар.

ГОСТ 13045–81 Ротаметрлер. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 14192–96 Жүктерді таңбалау.

ГОСТ 15150-69 Машиналар, аспаптар және басқа да техникалық бұйымдар. Әртүрлі климаттық аудандарға арналған орындаулар. Санаттары, пайдалану шарттары, сыртқы ортаның климаттық факторларының әсер ету бөлігіндегі сақтау және тасымалдау.

ГОСТ 18995.1–73 Химиялық сұйық өнімдер. Тығыздықты анықтау әдістері.

ГОСТ 18995.5–73 Химиялық органикалық өнімдер. Кристалдану температурасын анықтау әдістері.

ГОСТ 22567.5–93 Синтетикалық жуғыш құралдар және беттік-белсенді заттар. Сутектік иондардың шоғырлануын анықтау әдістері.

ГОСТ 24104–2001 Зертханалық таразылар. Жалпы техникалық талаптар.

ГОСТ 25828–83 Қалыпта эталондық гептан. Техникалық шарттар.

ГОСТ 27331–87 Өрт техникасы. Өрттердің жіктелуі.

ГОСТ 28498–90 Сұйық шыны термометрлер. Жалпы техникалық талаптар. Сынақ әдістері.

ЕСКЕРТПЕ Осы стандартты пайдалану кезінде сілтемелік стандарттардың қолданысын ағымдағы жылдың жағдайы бойынша «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар сілтемесі» жыл сайын басылып шығарылатын ақпараттық сілтеме және ағымдағы жылда жарияланған тиісті ай сайын басылып шығарылатын ақпараттық сілтемелер бойынша тексерген дұрыс. Егер сілтемелік құжат ауыстырылса (өзгертілсе), онда осы стандартты пайдалану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа

алуға тиіс. Егер сілтемелік құжат ауыстырылмай жойылса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлікте қолданылады.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта *ҚР СТ 1088* және ГОСТ 4.99, [4] бекітілген терминдер сонымен қатар сәйкес анықтамаларымен келесі терминдер қолданылады:

3.1 **Шылағыштың сулы ерітіндісі:** *Қатты жанғыш материалдардың өртін сөндіруге арналған көбіктендіргіштің ерітіндісі.*

3.2 **Қайта тұтану уақыты:** Ендірілген жанып тұрған отбақыраштан үлгі ошақтағы жанғыш сұйық бетінің 100 пайыз жалындау уақыты.

3.3 **Еркін жану уақыты:** Жанғыш сұйықтың тұтанған мезетінен бастап (қатты жанғыш материал) көбік берілу мезетіне дейінгі уақыт.

3.4 **Өрт сөндіру уақыты:** *Көбік берілу мезетінен бастап жанғыш сұйықтың жануы тоқтағанға дейінгі уақыт (қатты жанғыш материал).*

3.5 **Жану:** Заттың тотығуы арқылы жүретін экзотермиялық реакция, кем дегенде үш фактормен қосақталады: отпен, жарқылмен, түтіннің бөлінуімен.

3.6 **Жағу:** Жану процесіне бастама ету.

3.7 ***Жұмыстық ерітіндіні беру қарқыны:*** *Жанғыш сұйықтың бірлік ауданына бірлік уақытта жіберілетін көбіктендіргіштің сулы ерітіндісінің мөлшері.*

3.8 ***Көбіктендіргіштің жұмыстық ерітіндісінің концентрациясы:*** Көбікті немесе дымқылдандырғыш ерітіндіні алуға арналған сулы ерітіндідегі көбіктендіргіштің пайызбен көрсетілген құрамы.

3.9 ***Көбіктің еселігі****: Көбіктің құрамындағы, көбік пен ерітіндінің қатынасына тең өлшемсіз шама.*

3.10 **Көбік:** Көбіктендіргіш құрамындағы, сұйық қабықпен бөлінген, ауа (газ) көпіршіктерінен тұратын, дисперсті жүйе.

3.11 **Өртті сөндіруге арналған (көбікті қоспа) көбіктендіргіш:** Көбіктендіргіштің немесе дымқылдандырғыштың жұмыстық ерітіндісін сумен араластырғанда пайда болатын көбік (үстіртті-белсенді зат) тұрақтандырғыштың концентрациялы сулы ерітіндісі.

3.12 **Жалпы тағайындалған көбіктендіргіштер:** Жанғыш сұйықтардың, қатты жанғыш материалдардың, жалынсыз талшық заттардың өртін сөндіруге арналған әртүрлі еселі көбік пен дымқылдандырғыштың ерітіндісін алуда, құрылыс конструкциялары, технологиялық аппараттар мен сақтаудағы материалдарды жылу ағыны әсерінен қорғауда қолданылатын көбіктендіргіш.

3.13 **Арнаулы тағайындалған көбіктендіргіш:** Негізінен мұнайды, мұнай өнімдерін, суда еритін және суда ерімейтін жанғыш сұйықтардың өртін сөндіруде қолданылатын көбіктендіргіш.

3.14 **Көбіктендіргіштің (шылағыш) жұмыстық ерітіндісі:** Көбіктендіргіштің (шылағыш) жұмыстық көлем концентрациясымен тәртіптелген көбіктендіргіштің сулы ерітіндісі. Көбіктендіргіштің жұмыстық концентрацясы 0,5 % дан 6 %, дымқылдандырғыш - 0,1 % дан 3 % ды құрайды.

4 *Жіктеу*

Көбіктендіргіштерді жіктеу ГОСТ 4.99 бойынша.

Осы стандартта оған қосымша мынандай жіктеу белгіленген:

4.1 *Көбіктендіргіштер химиялық құрамына (беткі-белсенді негіздер) қарай бөлінеді:*

а) S типті синтетикалық көміртектер ретінде жіктелетін жалпы қолданысқа арналған көбіктендіргіштер;

б) мақсатты қолданысқа арналған көбіктендіргіштер, олар былай жіктеледі:

- S, S/AR типті синтетикалық көмірсутектер;
- AFFF, AFFF/AR, AFFF/AR-LV типті құрамында фтор бар синтетикалық;
- FP, FFFP, FP/AR және FFFP/AR типті фтор-протеиндер.

4.2. *Көбіктендіргіштер стандартты өрт сөндіргіш су көбікті құрылымға байланысты көбік түзе алады:*

а) *төмен еселі (көбік еселігі 5 бастап 20 дейін қоса алғанда);*

б) *орташа еселі (көбік еселігі 20 бастап 200 дейін қоса алғанда);*

в) *жоғары еселі (көбік еселігі 200 жоғары).*

4.3. *Көбіктендіргіштер өрт сөндіру үшін былай бөлінеді:*

а) *ГОСТ 27331 бойынша А класты;*

б) *ГОСТ 27331 бойынша В класты;*

4.4. *Суды пайдалануға байланысты көбіктендіргіштер әртүрлі органикалық тұздардан құралғанына байланысты келесі типтерге бөлінеді:*

а) *өрт сөндіру көбігін алуға арналған көбіктендіргіштері үшін тазартылған немесе ауыз су қолданылады;*

б) *өрт сөндіргіш көбікті алуға арналған көбіктендіргіштер үшін теңіз немесе ауыз су қолданылады.*

4.5. *Таралу қабілеттілігіне байланысты көбіктендіргіштер су қоймалары мен топырақ микрофлора әсерінен мынадай болып бөлінеді:*

а) *тез таралатын;*

б) *жаймен таралатын;*

в) *ақырын таралатын;*

г) *өте ақырын таралатын.*

4.6. Өрт сөндіруге арналған көбіктендіргіштер көрсеткіштердің жиынтықтылығы бойынша келесі типтерге бөлінеді:

а) AFFF типті көбіктендіргіштер: Мақсаттық бағытта жанатын сұйықтықтарды сөндіруге арналған құрамында фтор бар синтетикалық үлдір түзуші көбіктендіргіштер;

б) FFFP типті көбіктендіргіштер: Мақсаттық бағытта жанатын сұйықтықтарды сөндіруге арналған құрамында фтор бар протеинді үлдір түзуші көбіктендіргіштер

в) FP типті көбіктендіргіштер: Мақсаттық бағытта жанатын сұйықтықтарды сөндіруге арналған протеинді құрамында фтор бар көбіктендіргіштер.

г) AFFF/AR типті көбіктендіргіштер: Мақсаттық бағыттағы суда еритін және суда ерімейтін жанатын сұйықтықтарды сөндіруге арналған мақсаттық бағытта құрамында фтор бар синтетикалық үлдір түзуші көбіктендіргіштер.

д) AFFF/AR-LV типті көбіктендіргіштер: Мақсаттық бағыттағы суда еритін және суда ерімейтін жанатын сұйықтықтарды сөндіруге арналған спиртке тұрақты мақсаттық бағытта құрамында фтор бар синтетикалық үлдір түзуші көбіктендіргіштер.

е) FFFP/AR типті көбіктендіргіштер: Мақсаттық бағыттағы суда еритін және суда ерімейтін жанатын сұйықтықтарды сөндіруге арналған протеинді спиртке тұрақты құрамында фтор бар синтетикалық үлдір түзуші көбіктендіргіштер.

ж) FP/AR типті көбіктендіргіштер: Суда еритін және суда ерімейтін спиртке төзімді құрамында фтор бар мақсаттық бағытқа арналған көбіктендіргіштер.

и) S/AR типті көбіктендіргіштер: Мақсаттық бағытқа арналған спиртке төзімді құрамында фторлы беткі-белсенді зат жоқ суда еритін және суда еримейтін жанатын сұйықтықтарды сөндіруге арналған синтетикалық көбіктендіргіштер.

к) S типті көбіктендіргіштер: Құрамында фторлы беткі-белсенді зат жоқ өрт сөндіруге арналған синтетикалық көбіктендіргіштер.

л) WA типті көбіктендіргіштер: Құрамында фторлы беткі-белсенді зат жоқ өртті шылағыш ретінде сөндіруге арналған синтетикалық көбіктендіргіштер.

5 Жалпы техникалық талаптар

5.1 Көбіктендіргіштердің сапасына қойылатын талаптар (шылағыштар)

5.1.1 Көбіктендіргіштер (шылағыштар) осы стандарттың [1], [4] талаптарына, ұйымдардың стандарттарының немесе нақты сыныпты көбік түзгішке арналған техникалық шарттардың талаптарына сай болуы тиіс.

5.1.2 Көбіктендіргіштер сапасының (шылағыштар) негізгі көрсеткіштері көбік түзгіштің сыныбына және түріне қарай 1-кестеде берілген мәндерге сәйкес болуы тиіс.

1 кесте – Көбіктендіргіштер сапасының негізгі көрсеткіштері

Көбіктендіргіштердің сапа көрсеткіштері	Көбіктендіргіш типтеріне арналған көрсеткіш мәні:				
	WA	S	S/AR	AFFF/AR, FP/AR, FFFP/AR	AFFF, AFFF/AR–LV, FFFP
1 Сыртқы түрі	Кластардың көбіктендіргіштері үшін көрсеткіш мәні				
2 20 °С-тағы тығыздық, кг/м^3	1)				
3 20 °С-тағы кинематикалық тұтқырлық, мм^2/с артық емес	100	100	1)		100
4 20 °С-тағы сутектік көрсеткіш (pH)	6,5-дан 8,5-дейін				
5 Қату температурасы, °С	- 3			- 15	
6 Ең төмен қолданылу температурасы, °С	1)				
7 Шылағыш қабілетінің көрсеткіші, с артық емес	$\frac{45^{2)}}{1)}$	$\frac{45^{2)}}{1)}$	3)		
8 Жұмыстық ерітіндінің көбік еселігі:					
а) төмен, артық емес	5	20			
б) орташа, кем емес	3)	60		40	
в) жоғары, кем емес	3)	200			
9 Екпіні төмен, орташа және жоғары көбіктің тұрақтылығы, с, кем емес	3)	1)			
10 Н-гептанды (бензин) сөндіру уақыты, с, артық емес:					
а) жіберу қарқындылығы (0,059 ± 0,002) дм^3/м^2·с үлгі ошақтың ортасына жіберілетін екпіні төмен көбікпен	-		$\frac{120^{2)}}{1)}$	$\frac{90^{2)}}{120}$	
б) жіберу қарқындылығы (0,032 ± 0,002) дм^3/м^2·с үлгі ошақтың ортасына жіберілетін екпіні төмен көбікпен (стендті әдіс)	3)	250	-		

1 кестенің аяқталуы

Көбіктендіргіштер сапа көрсеткіштері	Типтердің көбіктендіргіштері үшін көрсеткіш мәні:				
	WA	S	S/AR	AFFF/AR, FP/AR, FFFP/AR	AFFF, AFFF/AR–LV, FFFP
в) жіберу қарқындылығы (0,032 ± 0,002) $дм^3/м^2 \cdot с$ екпіні орташа көбікпен	3)	300	120	$\frac{100^{2)}}{120}$	
г) жіберу қарқындылығы (0,059 ± 0,002) $дм^3/м^2 \cdot с$ екпіні жоғары көбікпен	-		120	$\frac{90^{2)}}{120}$	
11 Моделді ошақтың көбікпен сөндірілгеннен кейін екінші рет тұтану уақыты, с кем емес:					
а) екпіні төмен көбікпен	-		$\frac{300^{2)}}{1)}$	$\frac{700^{2)}}{450}$	$\frac{450^{2)}}{330}$
б) екпіні орташа көбікпен	-		1)	$\frac{400^{2)}}{330}$	
12 Жұмыстық ерітіндінің беткі қабат созылуы, мН/м, не более	$\frac{32}{1)}$			1)	
13 Жұмыстық ерітіндінің шекарада гептанмен фаза аралық созылуы, мН/м, кем емес	-			1)	

1) Сапа көрсеткіші нақты тұрпаттағы көбіктүзгіштің пайдалану құжаттарында көрсетілуі тиіс;
2) Санағышта көрсетілген көбік түзгіштің сапа көрсеткіші тазартылған және ауыз суды қолданған кезде пайдаланылады, ал алмастырғышта - қатты және теңіз суын пайдаланған кезде қолданылады;
3) Көбік түзгіштің сапа көрсеткіші нормаланбайды.

5.2 *Жиынтықтылық*

5.2.1 *Көбік түзгіштің жеткеру жинақтамасына мынадай мағлұматтары бар нормативтік және (немесе) техникалық құжаттар (сапа және қауіпсіздік паспорты, сақтау,тасымалдау және пайдалану жөніндегі нұсқаулық), соның ішінде құрамына:*

а) *өнімнің атауы, түрі және типі;*

б) *көбіктендіргіштердің шартты белгілері;*

в) *көбіктендіргіштердің дайындаушы-кәсіпорынның атауы және заңды мекен-жайы;*

г) *көбіктендіргіштердің жеткізуші-кәсіпорынның атауы және заңды мекен-жайы;*

д) *топтаманың сәйкестендіру нөмірі;*

е) *жеткізілетін көбіктендіргіштердің саны;*

ж) *жұмыс ерітіндісіндегі көбік түзгіш шоғырының мәні (суда еритін және суда ерімейтін жанғыш сұйықтарды сөндіру кезінде, қатты жанғыш материалдарды көбікпен және шылағыштың сулы ерітіндісімен сөндіру кезінде);*

и) *қолданылу саласы;*

к) *5.1.2 бойынша нақты сапасының көрсеткіштері және олардың дайындаушымен белгіленген талаптарға сәйкестігі;*

л) ***көбіктендіргішті қолдануға рұқсат берілетін (шылағыш) 4.4 бойынша су типі;***

м) ***шоғындінің сандық мәні;***

н) *шөгіндісі бар көбіктендіргіштің пайдалану ерекшеліктері;*

п) *жұмыстық ерітінді ± % масс сапа көрсеткішін сақтау мөлшерлеу кезіндегі массалық ауытқу,*

р) *қызметкерлердің қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ететін көбіктендіргішпен жұмыс істеу және оны қайта өңдеу ережелері;*

с) *көбіктендіргіштің сақтау шарттары және температуралық ауқымы;*

т) *көбіктендіргіштің көбік түзгіштің кепілді сақтау мерзімі.*

5.2.2 *Көбіктендіргішке (шылауыштарға) арналған нормативтік техникалық құжаттар мемлекеттік және орыс тілінде орындалған болуы тиіс.*

5.3 *Орау және таңбалау*

5.3.1 Көбіктендіргіштерді орау [5] талаптарына сәйкес жүзеге асуы тиіс.

Көбіктендіргіштерді таңбалау [1] және [3] талаптарына сәхйкес жүзеге асырылған болуы тиіс.

5.3.2 *Көбік түзгіштің орамы механикалық зақымдалудан және қоршаған атмосфераның жебірлі әсерінен қорғауды қамтамасыз етуі тиіс.*

5.3.3 *Ыдысты толтыру деңгейі 95 % аспауы тиіс.*

5.3.4 *Көбіктендіргіш бар ыдыс герметикалық түрде жабылған болуы тиіс және пломбаланған болуы тиіс.*

5.3.5 *Көбіктендіргіш жеткізілетін ыдыста мынадай деректері бар таңба салынуы тиіс:*

а) *көбіктендіргіш әзірлеуші-мекеменің заңды мекен-жайы;*

б) *көбіктендіргіш (шылауыш) атауы;*

в) *көбіктендіргіштің шартты белгілері;*

г) *әзірленген күні;*

д) *топтама нөмірі;*

е) *брутто және нетто салмағы;*

ж) *көбіктендіргішті сақтауға арналған температуралық диапазон;*

и) *көбіктендіргішті кепілді сақтау мерзімі.*

5.3.6 Манипулярлы белгілер жазылған көліктік таңбалау ГОСТ 14192–96 (4 бөлім, 1 кесте, 2, 5 және 7 бөлімшені қараңыз) талаптарына сәйкес болуы тиіс;

5.3.7 *Көліктік ыдысқа жазылған таңбалық деректер мөр, трафарет арқылы және ылғал өткізбейтін жабындымен қапталған фанера мен картоннан жасалған затбелгілер арқылы жүзеге асырылуы тиіс.*

5.3.8 *Таңбалау көбіктендіргіштің кепілді сақтау мерзімі ішінде сақталуы тиіс.*

6 *Қауіпсіздік талаптары және қоршаған ортаны қорғау*

6.1 Сынақты дайындау және жүргізу кезеңінде, сонымен қатар көбіктендіргіштерді сақтауда және пайдалануда ҚР СТ 12.0.002, ГОСТ 12.0.004, ГОСТ 12.0.230, ГОСТ 12.1.007 және ГОСТ 12.2.003 сонымен қатар [1] бекітілген қауіпсіздік талаптары сақталынуы тиіс.

6.2 *Сынауға ұсынылатын көбіктендіргіштің Қазақстан Республикасы Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдарының белгіленген үлгідегі санитарлық-эпидемиологиялық сараптама негізінде жасалған гигиеналық қорытындысы болуы тиіс.*

Көбіктендіргіш адам ағзасы мен қоршаған ортаға зиянды әсер тигізбеуі тиіс.

Көбіктендіргіштердің қауіпсіздігі тексерілген зерттеулердің (сынақ) нәтижесіне сәйкес зерттеу нәтижелерінің хаттамаларымен расталған болуы тиіс.

6.3 Адам ағзасына әсер ету деңгейіне қарай көбіктендіргіштердің (шылауыштар) қауіптілігі *S, S/AR, WA типтері үшін* 4-кластан аспауы тиіс және *құрамында фтор бар көбіктендіргіштер үшін* ГОСТ 12.1.007 бойынша 3-кластан аспауы тиіс.

6.4 *Көбіктендіргіштер адам ағзасына канцерогендік және мутагендік әсер тигізбеуі тиіс.*

6.5 *Көбіктендіргіштердің жұмыс ерітінділері зиянсыз болуы тиіс. Фторлы беттік-белсенді заттары болатын құрамдардың әлсіз кумулятивтік және теріні сорып алу әсері болуы мүмкін.*

6.6 *Көбіктендіргіштермен жұмыс істеген кезде құрамның тері жабындарына, көздің шырышты қабыршағына және асқазан-ішек жолына түсу мүмкіндігін болдырмау үшін ГОСТ 12.4.011 бойынша жеке қорғану құралдарын қолдану қажет.*

6.7 *Өндірістік және сынақ үй-жайлары ағынды-тартқыш желдеткішпен жабдықталуы тиіс.*

6.8 *Көбіктендіргіштер өздігінен тұтануға қабілетті болмауы тиіс. Көбіктендіргіштердің жұмыс ерітінділері өрт-жарылысқа қауіпсіз болуы тиіс. Өрт-жарылысқа қауіпсіздігінің көрсеткіштерін анықтау әдістері ГОСТ 12.1.044 бойынша.*

6.9 *Көбіктендіргіштерді өндіру және пайдалану барысында қауіпті екінші қосылыстар түзілмеуі тиіс.*

6.10 *Пайдалану және сақтау процесстері кезінде көбіктендіргіштердің төгілуін болдырмайтын қауіпсіздік шаралары сақталуы тиіс.*

Биологиялық қатты және құрамында фтор бар көбіктендіргіштердің төгіліп кеткен жағдайында жердің беткі қабаты химиялық қалдықтарды төгетін жерге апарылуы тиіс.

6.11 *Жәй ыдырайтын және өте жай ыдырайтын көбіктендіргіштерді физикалық-химиялық әдістермен ағынды оқшау тазартып алмай, биологиялық тазартқыш ғимараттарға төгуге тыйым салынады.*

6.12 *Көбік коммуникациясын, көбік араластырғыштарды, жабдықтарды, сақтауға арналған сыйымдылықтарды жуу кезінде көбіктендіргіштердің қалдықтарын шаруашылық-ауызсу және мәдени-тұрмыстық сут ұтыну қоймаларына төгуге тыйым салынады*

6.13 *Тез ыдырайтын және қалыпты ыдырайтын көбіктендіргіштерді сумен 20 мг/л тең беткі-белсенді заттың шекті рұқсат етілетін шоғырлануына дейін араластырған жағдайда өндірістік ағынды суларға төгуге рұқсат етіледі*

6.14 *Шылауыштардың жұмыстық ерітінділеріндегі белсенді-беткі қабаттар орманды өрттерді сөндіру кезінде 1 г/л аспауы тиіс.*

7 Сынақ әдістері

7.1 *Жалпы ережелер*

7.1.1 Егер нақты тұрпаттағы пайдаланушы құжатта айрықша шарттар белгіленбеген болса, сынақтар ГОСТ 15150-69 (3.15 тарау) талаптарына сәйкес климаттық жағдайы қалыпты үй жайларда жүргізілуі тиіс.

7.1.2 Көбіктендіргіштер келесі сынақ түрлерінен өткізіледі:

а) *қабылдау;*

б) *біліктілік;*

в) *қабылдау-өткізу;*

г) *кезеңдік;*

д) *сертификатталған*

7.1.3 *Көбік түзгішті қабылдау сынақтары тәжірибелік топтама үлгілеріне көбік*

түзгіштің сапа көрсеткіштерінің осы стандарт талаптарына сәйкестігін анықтау мақсатында жүргізіледі.

7.1.4 *Көбік түзгіштің біліктілік сынақтары бірінші өндірістік топтама үлгілеріне кәсіпорынның осы стандарт талаптарына сәйкес көбік түзгіш шығаруға әзірлігін анықтау мақсатында жүргізіледі.*

7.1.5 *Қабылдау-өткізу сынақтары көбік түзгіштің топтама үлгілеріне олардың негізгі сапа көрсеткіштерінің осы стандарт талаптарына сәйкестігін анықтау және көбіктүзгішті тұтынушыға жіберу туралы шешім қабылдау мақсатында жүргізіледі.*

7.1.6 *Кезеңдік сынақтар үш жылда кем дегенде бір рет қабылдау-өткізу сынағынан өткізілген көбік түзгіштің топтама үлгілеріне олардың сапасының тұрақтылығы мен оны шығару мүмкіндігі туралы шешім қабылдау мақсатында жүргізіледі*

7.1.7 Көбіктендіргіштердің сертификатталған сынақтарын өнімдердің осы стандарттың және [4] талаптарына сәйкес анықтау мақсатында Қазақстан Республикасының техникалық реттеудің мемлекеттік жүйесінде акредиттелген сәйкестікті растау органдары және сынау орталықтары (зертханалар) жүргізуі тиіс.

7.1.8 Қабылдау, қабылдау-тапсыру және сертификатталған сынақтардың бағдарламасын А қосымшасының А.1 кестесіне сәйкес қабылдайды.

7.1.9 Көбіктендіргіштерді (шылағыштар) іріктеу әдістері белгіленген түрге сынақ жүргізу үшін ГОСТ 2517 және [2] талаптарғы сәйкес жүзеге асырылады.

Қандай да бір көрсеткіш бойынша қанағаттанарлықсыз сынау нәтижелері алынған жағдайда екі еселенген таңдамаға қайтадан сынақ жүргізу қажет. Қайталама сынақтардың нәтижесі соңғы болып табылады және барлық топтамаға таралады. Екінші рет жүргізілген сынақ нәтижелері соңғы болып есептелінеді және өнімнің барлық топтамасына таралады.

Ескертпе -Көбіктендіргіштердің топтамасы ретінде сапа көрсеткіштері бойынша біртекті, сапасы туралы бір құжатпен бірге жіберілетін, дайындалған көбік түзгіштің кез-келген саны қабылданады.

7.1.10 *Сынақ жүргізу кезінде көбіктендіргіштердің 1-кестедегі 2-9 бойынша негізгі сапа көрсеткіштері қыздыру, қатыру және еріту айналымдарына дейін және оларды кейін 7.2.2 әдістеме бойынша тексерілуі тиіс, осы кезде көбіктендіргіштердің сапа көрсеткіштерінің өзгеру мүмкіндігі 10 % аспауы тиіс, ал 1-кестедегі 1-13 бойынша көрсеткіштер мәні осы стандарттың талаптарына сәйкес болуы тиіс.*

Көбіктендіргіштерді сақтау барысында бірнеше рет қатыру және еріту кезінде көбік түзгіштердің негізгі сапа көрсеткіштерінің өзгеру мүмкіндігі 20 % аспауы тиіс, осы кезде көрсеткіштердің сандық мәні осы стандарттың талаптарына сәйкес болуы тиіс.

7.1.11 *Сынақ жүргізу барысында өндірушінің ұсыныстарына байланысты көбіктендіргіштерді (шылағыш) пайдалану бойынша жұмыстық ерітіндіні дайындау үшін мыналарды қолданады:*

а) ГОСТ 6709 бойынша тазартылған су;

б) *ауыз су (0,10 ± 0,05) См/м;*

в) *ащы су;*

г) *теңіз суы.*

Ащы немесе теңіз суын жасау үшін Б қосымшасындағы Б.1 және Б.2 кестесіне сәйкес заттарды қолданады.

7.2 *Сынақ құралдары*

7.2.1 *Сынақтарда қолданылатын өлшем құралдары ҚР СТ 2.21 немесе ҚР СТ 2.30 сәйкес метрологиялық аттестаттауға сәйкес тұпатын бекіту туралы сертификат бар*

болып, Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйелерінің тізімінде тіркелген және (немесе) ҚР СТ 2.4 сәйкес салыстырып тексерілуі керек.

7.2.2 *Нормаланған сыртқы әсерлеуші факторлары мен (немесе) жүктемені қайталаған ҚР СТ 2.75 сәйкес аттестатталған болуы керек.*

7.2.3 *Сынақтарды жүргізу үшін осы стандарттар берілмеген 8.2.1 және 8.2.2 талаптарына тиісті, ұқсас метрологиялық сипаттамалар бар және әсерлеуші факторлары мен (немесе) жүктемені қайталаған өлшем құралдарын қолдануға рұқсат етіледі.*

7.3 Сынақ жүргізу

7.3.1 Сыртқы түрін анықтау сынағы

Көбік түзгіштің сыртқы түрін ГОСТ 1770 бойынша диаметрі 30 мм сыйымдылығы 250 см3 түссіз шыныдан жасалған сынауықтарда (20 ұ 2) °С өтпелі шашыраңқы жарықта көзбен қарап анықтайды.

7.3.1.1 *Сынақ жүргізу*

Алдын ала (20 ұ 2) °С сүзгіленген көбік түзгішті 250 см3 шамада ГОСТ 1770 бойынша 2 - 250 екі цилиндрдің әр қайсысына құяды да, тиісінше (3 ұ 2) °С және (60ұ 2) °С температураларда (24 ± 2) с бойы ұстайды.

7.3.1.2 *Сынақ нәтижелері*

Егер сынау аяқталғаннан кейін кристалл шөгінділердің түсуі және қатпарлану байқалмаса көбік түзгіш сынақтан өтті деп саналады.

Фторлы прлтеинді көбіктендіргіштер үшін шөгінділердің түсуі 0,25 (% айн) артық болмауы тиіс.

7.3.2 Көбіктендіргіштің сақталғыштығын анықтау

7.3.2.1 Әдіс көбіктендіргіштердің 1-кестедегі 2 - 9 бойынша негізгі көрсеткіштерін оны жоғары және төмен температураларда ұстағанға дейін және одан кейін салыстыруға негізделген.

7.3.2.2 *Өлшеу құралдары мен сынақ құралдары:*

а) сыйымдылығы 1000 мл кем емес қақпағы бар ыдыс;

б) талап етілетін температураларды 2 °С аспайтын қателікпен ұстап тұруды қамтамасыз ететін жылу және суық камералары.

в) ГОСТ 28498 бойынша термометр;

г) *өлшеу дәлдігі 0,1 с дейін болатын және шектік қатынасы 3 % болатын секундомер*

7.3.2.3. *Сынақты жүргізу*

Көбіктендіргіштің 1-кестедегі 2-9 бойынша негізгі көрсеткіштерінің мәндерін анықтайды.

Көбіктендіргіштің сынақ жүргізу үшін жеткілікті санын (7.2.3 - 7.2.10 бойынша) ыдыстарға (1000 ұ 5) мл орналастырады.

Көбіктендіргіштері бар ыдыстарды қыздырады және (60 ұ 2) °С температурада (168 ± 2) с ұстайды.

Көбіктендіргіштері бар ыдыстарды (20 ұ 5) °С дейін суытады және осы температурада (24 ұ 2) с ұстайды.

Көбіктендіргіштері бар ыдыстарды (6 ұ 1) с сыналатын көбік түзгіштің қату температурасынан 10 °С-қа төмен температурада ұстайды.

Көбіктендіргіштері бар ыдыстарды (20 ұ 5) °С қыздырады және осы температурада (24 ұ 2) с ұстайды.

7.2.2.3 бойынша қыздыру және суыту айналымдарынан кейін көбік түзгіш үлгісін (20 ± 5) ° С температурада таза құрғақ сынауыққа құяды және (2 ± 1) с кейін өтпелі шашыраңқы жарықта көзбен қарап қатпарланудың немесе шөгіндінің бар-жоғын анықтайды. Шөгінді көлемін анықтау үшін көбік түзгіш үлгісін (10 ± 1) мин бойы үйіркілейді.

Көбік түзгіш үлгісін қатырудың және ерітудің 4 айналымын жүргізеді.

Көбік түзгіштің (1-кестедегі 2 – 9 бойынша) негізгі көрсеткіштерінің сандық мәндерін анықтайды және оларды 7.2.2.3 алынған деректермен салыстырады.

Формула бойынша көбіктендіргіштердің (1-кестедегі 2 - 9 бойынша) әр бір сапа көрсеткішінің өзгеру мүмкіндігін анықтайды ΔC_i, (%):

$$\Delta C_i = \frac{(C_0 - C_1)}{C_0} \cdot 100 \qquad (1)$$

мұнда C_0 - көрсеткіштің 7.2.2.3 алынған сандық мәні (1-кестедегі 2 - 9 бойынша);

C_1 - көбік түзгішті жоғары және төмен температураларда ұстағаннан кейін алынған көрсеткіштің сандық мәні (1-кестедегі 2 - 9 бойынша).

7.3.2.4 *Сынақ нәтижелері*

Егер сынау аяқталғаннан кейін көбік түзгіш сапасы көрсеткіштерінің алынған деректері 1-кестедегі 2 – 9 көрсетілген мәндерден 10% аспаса, көбік түзгіш сынақтан өтті деп саналады, осы кезде кристалл шөгінділердің түсуі және қатпарлану байқалмауы тиіс.

7.3.3 Көбіктендіргіштің кинематикалық тұтқырлығын анықтау сынақтары

7.3.3.1 Ньютондық сұйықтық болып табылатын көбіктендіргіштердің кинематикалық тұтқырлығы ГОСТ 33 әдіс бойынша шыны вискозиметрдің көмегімен анықталады. Тиксотропты сұйықтық болып табылатын көбіктендіргіштердің тұтқырлығы ротациялық вискозиметрмен анықталады.

Тиксотропты сұйықтық болып табылатын көбіктендіргіштердің кинематикалық тұтқырлығын анықтау әдісі өлшеуіш цилиндрдің 60 айн/мин айналдыру жиілігінде динамикалық тұтқырлықты анықтауға негізделген.

7.3.3.2 *Өлшеу құралдары немесе сынау жабдығы:*

а) «Реотест-2» типті аспап немесе оның аналогы.

б) *бөлу бағасы 1 мм болатын* ГОСТ 427 бойынша металл сызғыш;

в) *өлшеу дәлдігі 0,1 с дейін болатын және шектік қатынасы 3 % болатын секундомер*

7.3.3.3 *Сынақты жүргізу*

Сынақты ГОСТ 33 талаптарын ескере отырып жүргізеді.

«Реотест-2» аспабын электр тізбегіне қосады. Диаметрі (37,60 ұ 0,05) мм, биіктігі (72,00 ± 0,05) мм өлшеуіш цилиндрді орнатады.

Аспап ажыратылып тұрғанда реттеуішпен аспаптың нөл белгісіне келтіреді.

(20 ұ 1) °С температуралы (30 ұ 1) мл көбік түзгішті ішкі диаметрі (40,00 ұ 0,05) мм сыртқы бөшкеге құяды да оны арнайы қысқаштың көмегімен аспапқа жалғастырады.

«Реотест-2» аспабын қосады және өлшеуіш цилиндрдің (60 ұ 2) айн/мин айналу жиілігін орнатады.

Цилиндрдің талап етілетін айналу жиілігін орнатқаннан (60 ұ 2) с кейін аспаптың өлшеу шәкілінде L көрсеткішін – аспап шәкілінің шартты мәндерімен көрсетілген динамикалық тұтқырлықтың мәнін белгілейді.

L мәнін өлшеу нәтижесі ретінде араларындағы айырмашылық 5 % аспауы тиіс үш параллель өлшеулердің орташа арифметикалық мәні қабылданады.

Көбік түзгіштің динамикалық тұтқырлығын η, (мПа·с) мына формула бойынша анықтайды:

$$\eta = k \cdot L \qquad (2)$$

мұнда k – өлшеуіш цилиндрдің константасы;

L – динамикалық тұтқырлықтың мәні.

Кинематикалық тұтқырлықты ν, (мм2/с) мына формула бойынша анықтайды (3):

$$\nu = \frac{\eta}{\rho} \quad (3)$$

мұнда ρ - көбік түзгіштің тұтқырлығы, г/см^3.

7.3.3.4 *Сынақ нәтижелері*

Егер сынау аяқталғаннан кейін көбік түзгіштің кинематикалық тұтқырлығының алынған деректері осы стандарттың 1-кестесіндегі 3 көрсетілген шекті мәндерден 10 % аспаса, көбік түзгіш сынақтан өтті деп саналады.

7.3.4 Сутектік көрсеткішті анықтау сынақтары (pH)

Көбік түзгіштің сутектік көрсеткішін (pH) ОСТ 22567.5 бойынша потенциометрлік әдіспен «И-130» зертханалық иономердің көмегімен немесе ұқсас иономердің (pH-метра) басқа кез-келген маркасымен аспапқа қоса берілетін нұсқаулыққа сәйкес анықтайды.

Өлшеу қателігі 0,05 pH аспауы тиіс.

7.3.5 Көбіктендіргіштің ең төмен қолданылу температурасын анықтау сынақтары

7.3.5.1 Сынау әдісі сұйық біртекті көбік түзгіштің кинематикалық тұтқырлығы 200 мм2/с аспайтын температураны анықтауға негізделген

7.3.5.2 Сынаудың бірінші кезеңінде ГОСТ 18995.5 әдістеме бойынша көбік түзгіштің қату температурасы анықталады.

7.3.5.3 *Өлшеу құралдары немесе сынау жабдығы:*

а) «Реотест-2» типті аспап;

б) сыйымдылығы (1500 ұ 500) мл, тереңдігі капиллярлық вискозиметрдегі (немесе «Реотест-2» аспабының өлшеуіш цилиндріндегі) көбік түзгіш моншадағы сұйықтық деңгейінен кем дегенде 20 мм төмен бататындай цилиндрлі шыны сауытпен тұратын вискозиметр моншасы;

в) ГОСТ 28498 бойынша термометр;

г) қатты көмір қышқылы («құрғақ» мұз);

д) ГОСТ 2603 бойынша ацетон.

Ескерту - Монша ретінде термостатты пайдалануға рұқсат етіледі.

7.3.5.4 *Сынақты жүргізу*

Ньютондық сұйықтық болып табылатын көбіктендіргіштердің тұтқырлығын анықтау үшін көбік түзгіші бар қылтүтіктік вискозиметрді ацетон (немесе этил спирті) құйылған моншаға қояды.

Ацетонға құрғақ мұз қоса отырып моншадағы температураны төмендетеді және ГОСТ 33 әдістеме бойынша көбік түзгіштің кинематикалық тұтқырлығын анықтайды. Біртіндеп моншадағы температураны төмендете отырып, көбік түзгіштің кинематикалық тұтқырлығы (200 ± 1) мм2/с құрайтын температураны анықтайды.

Тиксотропты сұйықтық болып табылатын көбік түзгіштің тұтқырлығын анықтау үшін көбік түзгіші бар «Реотест-2» аспабының өлшеуіш цилиндрін ацетон (немесе этил спирті) құйылған моншаға қояды

Ацетонға құрғақ мұз қоса отырып моншадағы температураны төмендетеді және

7.2.3 әдістеме бойынша көбік түзгіштің кинематикалық тұтқырлығын анықтайды. Біртіндеп моншадағы температураны төмендете отырып, көбік түзгіштің кинематикалық тұтқырлығы (200 ± 1) мм2/с құрайтын температураны анықтайды.

7.3.5.5 *Сынақ нәтижелері*

Егер сынау аяқталғаннан кейін көбік түзгішті қолдану температурасының алынған мәндері көбік түзгіштің нақты сыныбына арналған нормативтік және (немесе) техникалық құжаттамаларда көрсетілген мәндерге сәйкес болса көбік түзгіш сынақтан өтті деп саналады.

7.3.6 Шылағыш қабілетінің көрсеткішін анықтау бойынша сынақтар

7.3.6.1 Көбіктендіргіштердің шылағыш қабілетінің көрсеткішін анықтау бойынша сынақтар тазартылған және ауыз суды қолданған кезде жүзеге асады.

7.3.6.1.1 Әдістің мәні көбік түзгіш ерітінділерінің гидрофобтық талшықтарының шылану уақытын анықтауда және өрт сөндіру кезінде шылағыш алу үшін оның жұмыс шоғырын белгілеуде жатыр.

Сыналатын ерітіндіге үлгіні толық батыру кезеңінен басталған уақыт аралығын есептейді ол кезде үлгі толық батады.

7.3.6.1.2 *Өлшеу құралдары немесе сынау жабдығы:*

а) Цилиндр бөлігі мен ағын арасында сүзгі орнатады. Сүзгі ретінде диаметрі кем дегенде (30 ұ 1) мм шеңбер түрінде кесілген матаның бір қабатын пайдаланады, ауаның а 65 % ылғалдығында 3 тәулік. Матаның беткі қабат қалыңдығы 494 г/м, жіптердің саны 1 см ұзындық үшін 11 дана болуы тиіс;

б) жұмыстық ерітіндіге матаның бөлігін қысып алып батыруға арналған қысқыш құрылғы. Құрылғыны әзірлеу үшін диаметрі 2 мм болатын тоттанбайтын сымды қолданады;

в) диаметрі 95 мм болатын цилиндр формалы шыны және сыйымдылығы 1000 $см^3$ болатын ыдыс;

г) көлемі 2000 $см^3$ бөлу бағасы 20 $см^3$ болатын саны 5 дана болатын ГОСТ 1770 бойынша өлшегіш цилиндрлер;

д) өлшеу шегі 60 мин және бөлу бағасы 0,2 с болатын секундомер;

е) *бөлу бағасы 1 мм болатын* ГОСТ 427 бойынша металл сызғыш;

ж) ГОСТ 2874 бойынша ауыз су немесе тазартылған су.

Жұмыстық ерітіндіге матаның бөлігін қысып алып батыруға арналған қысқыш құрылғысының сұлбасы В қосмшасының В.1 суретіне сәйкес алады.

7.3.6.1.3 *Сынаққа дайындық*

Бес концентрацияға арналған диапазонды ерітіндіде бекітілген жұмыстық көлемдік концентрация мәніне байланысты анықтайды.

Шылағыштың көлемдік үлесін, C_n, %, мына өрнек бойынша анықтайды (4):

$$C_n = \left(\frac{C_{раб}}{4}\right) \cdot 2^{\,n-1} \qquad (4)$$

Мұнда $C_{жұм}$ – шылағыштың көлемдік концентрациясы, %;

n – зерттелетін диапазондағы анықтау нөмірі 1 бастап 5-ке дейін.

Өлшеу цилиндрлерін 1 ден бастап 5-ке дейін нөмірлейді.

Қысқыш, стақан және өлшеу цилиндрлерін мұқият жуады және ацетон қоспасымен және этил спиртімен майсыздайды, тазартылған сумен шаяды және сүзгі қағазымен сүртеді.

Шылағыштың бекітілген концентрациясымен бес су ерітінділерін дайындайды.

Бесінші цилиндрде көлемі 2000 $см^3$ болатын шылағыш концентрациясымен ерітінді дайындайды.

Төртінші цилиндрге 1000 $см^3$ су құяды және 1000 $см^3$ ерітіндіні бесінші цилиндрден алып құяды.

Үшінші цилиндрге 1000 $см^3$ су құяды және 1000 $см^3$ ерітіндіні төртінші цилиндрден акеліп құяды.

Араластыруды ең кіші көлемді концентрацияға дейін жалғастырады, сонымен қатар шылағыш концентрациясы әр цилиндрде екі есе кеміп отырады.

Дайындалған ерітіндінің көлемі бірінші цилиндрде 2000 $см^3$ болады және екіншіден бастап бесінші цилиндрге дейін 1000 $см^3$.

Ерітінділерді дайындау кезіндегі су температурасы (28 ұ 2) °С болуы тиіс.

Дайындалғаннан кейін ерітінділерді салқындатады.

7.3.6.1.4 *Сынақты жүргізу*

Сынақты шылағыштың ең кіші концентрациясынан бастайды.

Стақанға ерітіндінің 700 $см^3$ құяды.

Ерітіндінің температурасы (20 ұ 1) °С болуы тиіс.

Ерітіндінің бетіндегі көбікті сүзгіш қағазбен алып тастайды. Мақта мата үлгісін қысқыш құрылғыға орналастырады және тігінен түгелімен ерітіндіге батырады.

Тіреуіш ұстағыштарды стақанның жиегіне орналастырады, қысқыш құралдарын ашады. Сынақ жүргізу кезінде әр 10 с сайын қысқыш құралдарын ерітіндідегі үлгінің тік қалпында қалуы үшін қысады және ашады.

Үлгіні ерітіндіге батырған сәттен бастап үлгінің еркін батуына дейінгі уақытты өлшейді. Өлшенген уақыт шылағыш қабілеттілігінің көрсеткіші болып табылады.

7.3.6.1.5 *Сынау нәтижелері*

Сынақ нәтижесі үшін бір концентрация үшін шылағыш қабілеттілігінің көрсеткіштерін анықтау бойынша екі параллель сынақтың орта арифметикалық мәнін алады.

Параллель сынақтар арасындағы рұқсат етілген айырмашылықтың 0,95 сенімді ықтималдығы орта мәннің 20 % артық болмауы тиіс.

Сынақ нәтижесі болып шылағыштың жұмыстық көлемді концентрацияның сәйкестігін анықтау болып табылады және шылағыш қабілеттіліктің көрсеткіш мәнін анықтау болып табылады.

Ерітіндідегі шылағыштың жұмыстық концентрациясы шылағыштық қабілетінің көрсеткіш мәні 45 с. аспайтын концентрациядан аз болуы тиіс.

7.3.6.2 Көбіктендіргіштердің (шылағыштар) шылағыштық қабілетінің көрсеткіштерін теңіз және тұщы суды қолдану арқылы анықтау бойынша сынақтар.

7.3.6.2.1 Әдістің маңыздылығы шылағыш ерітіндісінде мақта матамен сүзгішті шылау кезіндегі уақытты анықтау болып табылады.

Сыналатын ерітіндіні құю кезінен бастап бірінші тамшылар пайда болғанға дейінгі уақыт есептелінеді.

7.3.6.2.2 *Сынау құралдары мен сынау жабдықтары:*

а) Құрылғыны бекітуге арналған штативі бар шылағыш қабілеттілікті анықтауға арналған құрылғы. Құрылғы металл қуыс цилиндрден және метал стоктан тұрады. Қуыс цилиндрдің ішкі диаметрі (25 ұ 1) мм құруы тиіс. Қуыс цилиндр мен сток арасында матадан әзірленген сүзгі болады. Қуыс цилиндр мен стокты бір-біріне бұранда арқылы жалғайды;

б) шылағыш ерітінділерін дайындауға арналған сыйымдылығы 100 $см^3$ саны 5 дана болатын ГОСТ 1770 бойынша өлшегіш цилиндрлер;

в) Цилиндр бөлігі мен ағын арасында сүзгі орнатады. Сүзгі ретінде диаметрі кем дегенде (30 ұ 1) мм шеңбер түрінде кесілген матаның бір қабатын пайдаланады, ауаның а 65 % ылғалдығында 3 тәулік. Матаның беткі қабат қалыңдығы 494 г/м, жіптердің саны 1 см ұзындық үшін 11 дана болуы тиіс;

г) ГОСТ 1770 бойынша сыйымдылығы 50 $см^3$ болатын өлшек;

д) стоктан тамшыны жинауға арналған шыны;

е) өлшеу шегі 60 мин және бөлу бағасы 0,2 с секундомер;

ж) теңіз немесе тұщы су.

Көбіктендіргіштердің (шылағыштар) шылағыштық қабілетінің көрсеткіштерін анықтауға арналған құрылғының сұлбасы теңіз және тұщы суды қолданған кезде В қосымшасының В.2 суретіне сәйкес қабылдайды.

7.3.6.2.3 *Сынаққа арналған дайындық*

Қуыс цилиндр мен сток арасына мақтадан жасалған сүзгіні орналастырады. Қуыс цилиндр мен стокты бір-бірімен бұранда арқылы бекітеді.

Шылағыштық қабілеттілікті анықтауға арналған көрсеткішті штативке орналастырады. Сток құрылғысының астына шыны қояды.

Ерітіндідегі бекітілген жұмыстық көлемді концентрация мәніне байланысты бес концентрацияға арналған диапазонды анықтайды.

Зерттелетін диапазондағы көлемдік концентрацияның мәнін 7.3.6.1.3 келтірілген (4) өрнек бойынша есептейді.

Өлшегіш цилиндрлерді 1 ден бастап 5 дейін нөмірлейді.

Шылағыштардың бекітілген концентрациясы бар бес су ерітіндісін дайындайды.

Бесінші цилиндрде шылағыштың шағын концентрациясын 100 $см^3$ көлемде құяды. Төртінші цилиндрге 50 $см^3$ су және 50 $см^3$ бесінші цилиндрден ерітінді алып құяды.

Үшінші цилиндрге 50 $см^3$ су құяды және 50 $см^3$ төртінші цилиндрдегі ерітіндіні құяды.

Осындай әдіспен араластыруды ең кіші концентрацияға дейін жалғастырады, сонымен бірге шылағыш концентрациясы әр келесі цилиндрде екі есеге азаяды.

Дайындалған ерітіндінің саны бірінші цилиндрде 100 $см^3$ в және екіншіден бастап бесіншіге дейін 50 $см^3$.

Ерітіндіні дайындау кезіндегі су температурасы (28 ұ 2) °С құрауы тиіс.

7.3.6.2.4 *Сынақты жүргізу*

Сынақты шылағыштың ең аз концентрациясынан бастайды.

Бөлшекке 10 $см^3$ жұмыстық ерітіндіні құяды.

Ерітіндінің температурасы (20 ұ 1) °С болуы тиіс.

Бөлшектегі ерітіндіні құрылғының қуыс цилиндріне құяды.

Ерітінді сүзгіні шылайды және ол арқылы стокқа өтеді.

Ерітіндіні қуыс цилиндрге құю моментінен бастап ең алғашқы тамшылар пайда болғанға дейінгі аралықтағы уақыт шылағыштық қабілеттілік көрсеткіші болып табылады.

Сүзгілер мен көбіктендіргіштердің ерітінділерді екінші рет қолдануға рұқсат етілмейді.

7.3.6.2.5 *Сынақ нәтижелері*

Сынақ нәтижелері ретінде бір концентрация үшін шылағыштық қабілетін анықтау бойынша екі параллель сынақтың орташа арифметикалық мәнін алады.

Сынаудың тұрақты жағдайларында бір оператордың қайта жасаған сынағының нәтижелері арасындағы рұқсат етілетін айырмашылық 0,95 сенімді ықтималдықта 10% аспауы тиіс.

Шылағыштың ерітіндідегі жұмыстық көлемдік концентрациясы шылағыштық қабілеттілігінің көрсеткіші көбіктендіргіштерге арналған нақты тұрпаттағы пайдалану құжаттарында бекітілген қабілеттілік концентрациясынан кем болмауы тиіс.

7.3.7 Көбік еселігін және тұрақтылығын анықтау бойынша сынақтар

7.3.7.1 Көбік еселігін анықтау әдісінің мәні көбіктің белгілі көлемінің салмағын анықтауға негізделген.

7.3.7.2 Көбік тұрақтылығын анықтау әдісінің мәні көбік көлемінің 50 % бұзылу-уақытын немесе 50 % сұйық кезеңнің бөліну уақытын анықтауда жатыр.

7.3.7.3 *Екпіні төмен және орташа көбік еселігін және тұрақтылығын анықтау*

7.3.7.3.1 *Сынақ құралдары мен сынақ жадықтары:*

Көбік еселігін және тұрақтылығын анықтау үшін жиынтығына мыналар кіретін қондырғы пайдаланылады (Г қосымшасындағы Г.1-сурет):

а) екпіні әр түрлі көбік алуға арналған көбікті өрт сөндіру оқпаны: шашыратқыш алдындағы қысым (0,58 ұ 0,02) кгс/см2 болғанда (1 ± 0,1) дмз/с ерітінді шығынын қамтамасыз ететін шашыратқышты екпіні орташа көбік генераторы (Г қосымшасындағы Г.2-сурет немесе шашыратқыш алдындағы қысым (0,58 ұ 0,02) кгс/см2 болғанда 0,2-ден 1,0 дмз/с дейін ерітінді шығынын қамтамасыз ететін шашыратқышы ауыстырылатын екпіні төмен көбікті өрт сөндіру оқпаны;

б) шығу қысымы *(0,58 ± 0,02) МПа* болғанда өнімділікті 0,2-ден 1,0 дм3/с дейін қамтамасыз ететін су сорғысы*;*

в) ҚР СТ *1714 бойынша* ұзындығы (2,0 ± 0,1) м артық емес қысымды өрт сөндіру өңеші;

г) ГОСТ 5398 бойынша ұзындығы 1,8 м сорғыш өңеш;

д) *сыйымдылығы 100 дм^3 кем емес металлдан жасалған ыдыс*;

е) сыйымдылығы 200 дм^3 кем емес салмағы 12 кг металлдан жасалған ыдыс;

ж) ГОСТ 24104 бойынша өлшеу шегі 20 кг кем емес және қателігі 0,05 кг артық емес таразылар;

и) *ГОСТ 2405 бойынша жоғарғы өлшеу шегі 10 кгс/см^2 және бөлу бағасы 0,4 кгс/см^2 келтек құбыр сорғысының шығуында орнатылған манометр*;

к) *өлшеу ауқымы 0°С-дан 100 °С дейін және бөлу бағасы 1°С термометр*;

л) ГОСТ 1770 бойынша бөлу бағасы 20 мл цилиндр 1 - 2000;

м) өлшеу шегі 60 мин және бөлу бағасы 0,2 с секундомер;

н) *бөлу бағасы 1 мм болатын* ГОСТ 427 бойынша металл сызғыш;

п) ГОСТ 2874 бойынша немесе нақты сынылған көбік түзгіштің нормативтік және (немесе) техникалық құжаттамаларға сәйкес ауыз су.

7.3.7.3.2 *Сынауға дайындау*

Сыйымдылықта 7 (Г қосымшасындағы Г.1-сурет) сыналатын көбік түзгіштің 100 дм^3 жұмыс ерітіндісін дайындайды. Сорғыш өңешті дайындалған ерітіндіге түсіреді және сорғыны қысқа уақытқа қосу арқылы сызықты толтырады. Қондырғының жұмысқа қабілеттілігін тексереді. Бос ыдыстың 8 салмағын анықтайды.

Бос ыдыстың массасын анықтайды 8 (Г қосымшасындағы Г.1 суретті қараңыз).

Анықтаулардың әрбір сериясы алдында көбік түзгіш жұмыс ерітіндісінің температурасын (20 ± 2) °С бақылау жүзеге асырылады.

7.3.7.3.3 *Сынақты жүргізу*

Дайындалған жұмыс ерітіндісін (6 ұ 0,1) кгс/см2 қысыммен шығуында көбікті өрт сөндіру оқпаны орнатылған қысымды өңешке жібереді. Екпіні орташа көбік генераторынан тұрақты ағу алынғаннан кейін көбік жиналатын ыдысты толтырады және оны өлшейді. Осы кезде бос орындардың қалуына жол берілмей, көлем тегіс толтырылуы тиіс.

Көбіктің салмағын толтырылған және бос ыдыс салмағының айырмашылығы бойынша анықтайды.

Екпіні төмен көбік үшін ыдысты 5-7 с бойы толтырады. Өлшеу шегі 100 см сызғыштың көмегімен көбіктің биіктігін 1 см дейін қателікпен анықтайды және екпіні төмен көбіктің көлемін V, (см3) мына формула бойынша есептейді:

$$V = H \cdot \frac{\pi \cdot d^2}{4} \qquad (5)$$

Мұнда H – көбіктің биіктігі, см;

d – көбік жинауға арналған ыдыстың диаметрі, см.

Көбіктің еселігін K, мына формула бойынша есептейді (6):

$$K = \frac{V_n}{V_p} \qquad (6)$$

мұнда V_n – көбіктің көлемі, дм^3;

V_p – көбіктендіргіш ерітіндінің көлемі, дм^3, көбіктің салмағына сандық тепе-тең, кг.

Екпіні орташа көбіктің тұрақтылығын анықтау үшін ыдыс биіктігінің диаметрге қатынасы 1,5 және сыйымдылығы (200 ұ 0,5) дм^3 көбік жинауға арналған цилиндр ыдыс пайдаланылады, осы кезде көбік еселігінің мәні 50 кем болмауы тиіс.

Көбіктің тұрақты ағынын алғаннан кейін көбік жинауға арналған сыйымдылықты көбікпен толтырады және оны өлшейді, сонымен қатар барлық көлемдегі толтырылған сыйымдылық тесік түзілмейтіндей біркелкі болуы тиіс.

Көбік массасын толтырылған және бос сыйымдылықтардың айырмашылықтары ретінде анықтайды. Сыйымдылық түбіндегі тесік ерітіндінің толық ағып кетуі үшін арналған.

Көбік генераторынан ыдысты көбікпен тегіс толтырғаннан кейін 50 % көбік көлемінің бұзылу уақытын белгілейді.

7.3.7.3.4 *Сынақ нәтижелері*

Соңғы нәтиже ретінде екпіні төмен немесе орташа көбік еселігі мен тұрақтылығын анықтаудың үш параллель нәтижелерінің орташа арифметикалық мәні қабылданады. Сынаудың тұрақты жағдайларында бір оператордың қайта жасаған сынағының нәтижелері арасындағы рұқсат етілетін айырмашылық 0,95 сенімді ықтималдықта 10% аспауы тиіс.

7.3.7.4 *Екпіні жоғары көбік еселігін және тұрақтылығын анықтау*

7.3.7.4.1 *Сынау құралдары мен сынау жабдығы:*

а) сыйымдылығы (500 ұ 2) дм3, салмағы 20 кг артық емес, диаметрі (800 ұ 5) мм, биіктігі (1000 ұ 5) мм түбінде сұйықтық ағу үшін диаметрі 3 мм 9 саңылауы бар (Г қосымшасындағы Г.4-сурет) түбі үшкіл көбік жинауға арналған ыдыс

б) оқпандағы қысым (5 ұ 0,1) кгс/см2 болғанда (6,1 ұ0,1) дм3/мин көбік түзгіш ерітіндісінің шығынын қамтамасыз ететін екпіні жоғары көбік алуға арналған өрт сөндіру оқпаны; (*Г қосымшасының Г.5 суретін қараңыз*);

в) оқпан алдындағы қысым (5 ұ 0,1) кгс/см2 болғанда 6,1 дм3/мин кем болмайтын су шығынын қамтамасыз ететін сорғыш қондырғы;;

г) осы стандарттың 7.1.11 бойынша су.

7.3.7.4.2 *Сынақ жүргізу*

Көбік түзгіштің жұмыс ерітіндісін дайындайды. Көбік жинауға арналған ыдыстың салмағын анықтайды. Ыдыстың түбіндегі саңылауларды жабады. Ыдысты көбікпен толтырады. Осы кезде ыдыстың көлемі тегіс толтырылуы тиіс.

Ыдыстың шетінен жоғары шығып тұрған көбікті алып тастайды. Көбік бар ыдысты таразыға тартады да толық және бос ыдыстың салмақтары айырмасына қарай ыдыстағы көбіктің салмағын анықтайды.

Көбіктің еселігін ыдыстағы (дм3) көбік көлемін ыдыстағы көбіктің салмағына сандық тең көбік түзгіш ерітінді көлеміне (дм3) жеке бөліп есептейді.

Ыдыстың түбіндегі саңылауларды ашады. Көбіктің тұрақтылығын көбіктен 50 % ерітінді көлемінің бөліну уақыты ретінде анықтайды. Осы кезде секундомерді ыдыс көбікпен толтырылғаннан кейін дереу қосады.

Көбіктің еселігі мен тұрақтылығын анықтау бойынша үш сынақ жүргізіледі.

7.3.7.4.3 *Сынақ нәтижелері*

Соңғы нәтиже ретінде екпіні жоғары көбік еселігі мен тұрақтылығын анықтаудың үш параллель нәтижелерінің орташа арифметикалық мәні қабылданады.

Сынаудың тұрақты жағдайларында бір оператордың қайта жасаған сынағының нәтижелері арасындағы рұқсат етілетін айырмашылық 0,95 сенімді ықтималдықта 10% аспауы тиіс.

7.3.8 Суда ерімейтін жанғыш сұйықтарды екпіні төмен, орташа және жоғары көбікпен сөндіру уақытын анықтау

Әдістің мәні суда ерімейтін жанғыш сұйықтарды осы стандарттың 1-кестесінде берілген көбік түзгіштің жұмыс ерітіндісін жіберу қарқындылығымен үлгі ошағына мұнай өнімінің үстіне жіберілетін екпіні төмен көбікпен сөндіру уақытын анықтауда жатыр.

7.3.8.1 *Сынақ құралдары мен сынау жабдықтары:*

а) ішкі диаметрі (1900 ұ 15) мм, биіктігі (200 ұ 10) мм, қабырғаларының қалыңдығы (2,50 ұ 0,05) маркалы болаттан дайындалған домалақ түптабан;

б) оқпан алдындағы қысым (0,166 ұ 0,005) кгс/см^2 болғанда (0,58 ұ 0,02) МПа кем болмайтын көбік түзгіш ерітіндісінің шығынын қамтамасыз ететін сорғыш қондырғы;

в) қысым (0,166 ұ 0,005) дм^3/с кезінде (0,58 ұ 0,02) МПа көбіктендіргіш ерітіндісінің шығынын қамтамасыз ететін екпіні төмен оқпан (Г қосымшасындағы Г.3-сурет);

г) ішкі диаметрі (295 ұ 5) мм, биіктігі (130 ұ 10) мм, қабырғаларының қалыңдығы (2,50 ұ 0,05) мм болаттан дайындалған тұтқасы бар қайта тұтандыруға арналған тигель. Тигелде темір табақшаға берілетін жіптер болады.

д) көбіктендіргіштің жұмыстық ерітінділерін дайындауға арналған өлшегіш сыйымдылық (100 ұ 5) дм^3;

е) өлшеу шегі 60 мин және өлшеу кінарат ы 0,2 с болатын секундомер;

ж) өлшеу диапазоны 0 °С бастап 100 °С-қа дейін болатын термометр;

и) жанғыш сұйықтық - ГОСТ 25828 бойынша н-гептан немесе АИ-92 «екінші класты) бензин;

к) 7.1.11 бойынша су.

7.3.8.2 *Сынаққа дайындық*

Көбік түзгіштің жұмыс ерітіндісін дайындайды. Үлгі ошақты жердің тегіс бетіне орналастырады. Түптабанға (100 ± 5) дм^3 су және (20 ± 2) дм^3 жанғыш сұйықтық құяды.

Оқпанды жанғыш сұйықтықтың үстінен (1,0 ұ 0,1) м биіктікте, түптабаннан оның диаметрі бойына оқпаннан бағытталған көбік түптабан ортасына мұнай өнімінің бетіне түсетіндей қашықтықта көлбеу орнатады.

Көбік ошақтың дәл ортасына түсетіндей етіп 45° бұрышта орналастатындай етіп оқпанды орналастырады.

7.3.8.3 *Сынақ жүргізу*

7.3.8.3.1 *Жанатын сұйықтықты сөндіруге арналған төмен еселі көбікпен сөндіру уақытын анықтауға арналған сынақ.*

Табаққа (150 ± 5) дм^3 су жастықшаларынсыз жанатын сұйықтықты құяды.

Екінші рет тұтануға арналған тигелге 7 дм^3 жанатын сұйықтықты құяды.

Жанатын сұйықтықты табақ пен тиглде жандырады.

Табақтағы еркін жану уақыты (120 ± 5) с.

Егер өрт сөндіру ерте басталса да көбіктендіргіштен көбікті беруді (120 ұ 2) с уақыт аралығында жүзеге асырады

Көбіктің басталған берілу уақыты мен жану аяқталғанға дейінгі уақыт аралығын белгілейді.

Үш параллель сынақ жүргізіледі.

Бастапқы екі сынақта өртті сәтті сөндірген кезде үшіншісін жүргізбейді.

7.3.8.3.2 *Екінші рет тұтану уақытын анықтауға арналған сынақ*

Көбіктің берілуі аяқталғаннан (60 ұ 2) с кейін екінші рет тұтануы үшін табақтың ортасына жанып тұрған тигелді орналастырады..

Тигельді табақтың түбіне жібереді.

Түбіне жиберген кезде табақтағы көбіктің тигельдегі жанғушыны сөндіріп алмауын қадағалау керек.

Тигельдік табаққа орналастырылған уақытынан бастап табақтың барлық ауданы өртке оранғанға дейінгі уақытты белгілейді.

Үш параллель сынақ жүргізіледі.

7.3.8.3.1 бойынша алғашқы екі сынақты сәтті жүргізген кезде 7.3.8.3.2 бойынша үшінші сынақты жүргізбейді.

7.3.8.4 *Сынақ нәжиелері*

Сынақ нәтижелері үшін екінші рет тұтану уақыты мен жанатын сұйықтықты төмен еселі көбіктің сөндіру уақытын анықтауға арналған сынақтың параллель екі рет сәтті өткен сынақтың орта арифметикалық мәнін алып қарастырады.

Нәтижелер арасындағы рұқсат етілген айырмашылықтың ықтималдығы 0,95 ортақ мәннен 10 % артық болмауы тиіс.

Екінші рет тұтану уақыты мен жанатын сұйықтықты төмен еселі көбіктің сөндіру уақытын анықтауға арналған үш сынақтың екеуінен теріс нәтиже алынған жағдайда ең соңғы нәтиже теріс болып табылады.

7.3.9 Екпіні орташа көбіктің сөндіру уақытын және көбік түзгіштің жұмыс ерітіндісін жіберудің шектеулі қарқындылығын анықтау (стенділік әдістеме)

Әдістің мәні берілген көбік түзгіштің жұмыс ерітіндісін жіберу қарқындылығымен өрт сөндіру уақытын анықтауда және сөндіру уақытының ерітінді жіберу қарқындылығына тәуелділігін сипаттайтын мәнге қисық жақындайтын ең төмен ерітінді жіберу қарқындылығын (шектеулі қарқындылық) белгілеуде жатыр.

7.3.9.1 *Сынақ құралдары мен сынақ әдістері:*

Екпіні орташа көбіктің сөндіру уақытын анықтау үшін жиынтығына төмендегілер кіретін құрылғыны қолданады:

а) орта еселі көбікті алуды қамтамасыз ететін көбік генераторы (80 ұ 20) ерітіндінің көлемдік шығыны кезінде (2,0 ұ 0,2) г/с және ауа (160 ұ 5) $см^3/с$.

Болаттан әзірленген генератор тор пакеттерін әзірлеу үшін ұяшықтардың жағынан жарыққа 0,9 мм және сым диаметрі 0,2 мм болады;

б) металдан немесе полимер металдан жасалған, мойыны және бұралатын қақпағы бар сыйымдылығы 5 $дм^3$ кем емес көбіктендіргіштің жұмыстық ерітіндісі бар ыдыс;

в) ауаның көлемдік шығынын (160 ұ 5) $см^3/с$ бақылауды қамтамасыз ететін ГОСТ 13045 бойынша газды ротаметр;

г) жұмыстық ерітіндінің көлемдік шығынын(2,0 ұ 0,2) $см^3/с$ бақылауды қамтамасыз ететін ГОСТ 13045 бойынша сұйықтық ротаметрі;

д) ГОСТ 2405 бойынша жоғарғы өлшеу шегі 10 кгс/см2 және бөлу бағасы 0,4 кгс/см2 келтек құбыр сорғысының шығуында орнатылған манометр;

е) реттеуші және бекітуші клапандар;

ж) төменгі төзімділікті болаттан әзірленген ішкі диаметрі (282 ұ 10) мм, биіктігі(100 ± 2) мм, қабырға қалыңдығы (1,0 ұ 0,1) мм; болатын цилиндр түптабандар.

и) өлшеу шегі 1 кг кем емес және қателігі 0,1 кг болатын таразылар;

к) бөлу бағасы 0,02 дм^3 , сыйымдылығы 5 дм^3 кем емес өлшеу ыдыстары;

л) өлшеу шегі 60 мин және бөлу бағасы 0,2 с секундомер;

м) жұмыстық қысымы 0,4 МПа болатын сығылған ауа көзі;

н) өлшеу диапазоны 0 °С бастап 100 °С-қа дейін болатын термометр;

п) жанғыш сұйықтық - ГОСТ 25828 бойынша н-гептан немесе ҚР СТ 1721 бойынша АИ-92 (екінші класты) бензин;

Орта еселі көбікпен сөндіруге арналған сұлбаны Д қосымшасының Д.1 суретіне сәйкес қабылдайды.

Оттық пен генераторға арналған көбікті жану процесін бақылап отыратын терезе арқылы қоршайды, түптабанды ауыстыруға арналған кіре беріс есік және көбік генераторын бақылау және көбік генераторына арналған жылжымалы ұстағыштан тұрады.

7.3.9.2 *Сынаққа дайындық*

Сыналатын (20 ұ 2) °С температуралы көбіктендіргіштің 4 дм^3 жұмыстық ерітіндісін дайындайды.

Ерітіндіні бөшкеге құяды.

Көбік генераторына ауа мен ерітінді жібереді.

Орта еселі көбік генераторының сұлбасын Д қосымшасының Д.2 суретіне сәйкес қабылдайды.

Көбік беріле бастаған 10 с кейін сынаманы өлшеу ыдысына орналастырады.

Көбік жиналу уақытын белгілейді.

Өлшеу ыдысының барлық көлемі біркелкі толтырылатындай етіп сынаманы іріктеуді жүзеге асырады.

Көбікті жинауға дейін және жинаудан кейін өлшеу ыдысымен өлшеу арқылы көбіктің салмағын анықтайды.

Ерітінді шығынын көбік массасын ыдысты толтыру уақытына бөлу арқылы есептеп шығарады, ауаның көлемдік шығынын – көбік көлемін ыдысты толтыру уақытына бөлу арқылы есептеп шығарады.

Егер шығындар бекітілген талаптарға сай болатын болса, онда сынақты жүргізуді бастайды.

7.3.9.3 *Сынақты жүргізу*

Көбік генераторының жұмысын тексергеннен кейін оттыққа биіктік қабаты (20 ұ 1) мм жанатын сұйықтықты құяды.

Гептанды жандырады және еркін жану уақытында (180 ± 5) с ұстайды.

Еркін жану уақыты кезінде көбік генераторы жану аймағында болуы тиіс.

Одан кейін көбікті жібереді және көбік генераторын жану аймағына бекітілген ерітінді шығындары мен ауаның, көбіктің түптабан ортасына берілуін қамтамасыз ететіндей енгізеді.

Көбік генераторын секундомерге қосады.

Көбіктің түптабанға берілу уақытын жанып біту уақытына дейінгі уақытты өлшейді.

Үш сынақ жүргізеді.

Алғашқы екі сынақты сәтті өткізгенде үшіншісін жүзеге асырмайды.

Жанатын сұйықтықты екінші рет пайдалануға рұқсат берілмейді.

7.3.9.4 *Сынақ нәтижелері*

Сынақ нәтижелері үшін екі параллель өлшемнің орташа мәнін алып қарастырады.

Нәтижелер арасындағы рұқсат етілген айырмашылықтың ықтималдығы 0,95 ортақ мәннен 10 % артық болмауы тиіс.

7.3.10 Орташа еселікті көбіктің жанатын сұйықтықпен уақытты анықтау және екінші рет тұтану уақытын анықтау әдісі

Әдістің мазмұны жанып жатқан тигельдің моделді ошағы мен екінші рет тұтану уақытын анықтауда жұмыстық ерітіндінің берілуінің бекітілген қарқындылықта орта еселі көбікті ыдыстағы жанатын сұйықтықты сөндіру уақытын анықтауда болып табылады.

7.3.10.1 *Сынақ құралдары мен сынақ жабдықтары:*

Орташа еселікті көбіктің жанатын сұйықтықпен уақытты анықтау үшін және екінші рет тұтану уақытын анықтау үшін жиынтыққа мыналар кіреді:

а) оқпандағы қысым 0,4 МПа бастап 0,6 МПа дейін болатындай ерітіндінің көлемдік шығынымен қамтамасыз ететін шашыратқышы бар орта еселікті өрт оқпаны;

б) Өрт оқпанын түптабан жиегіне орнатуға арналған аспап;

в) төменгі төзімділікті болаттан жасалған дөңгелек табақ ішкі диаметрі (1480 ұ 15) мм дейін, ұзындығы(2000 ұ 50) мм, биіктігі (150 ұ 10) мм, қабырға қалыңдығы (2,50 ұ 0,05) мм және түп ауданы (1,72 ± 0,01) $м^2$;

г) оқпанда 0,4 МПа бастап 0,6 МПа дейін болатын көбіктендіргіштің жұмыстық ерітіндісінің көлемдік шығынын қамтамасыз етуге арналған (0,055 ұ 0,003) $дм^3/с$ су сорғысы;

д) ҚР СТ 1714 бойынша өрт сөндіру өңеші;

е) көбіктендіргіштердің жұмыстық ерітінділерін дайындауға арналған сыйымдылығы 1000 $см^3$ болатын ыдыс;

ж) ГОСТ 2405 бойынша жоғарғы өлшеу шегі 1,00 МПа және бөлу бағасы 0,02 кгс/см2 оқпанда орнатылған манометр;

и) өлшеу шегі 60 мин және бөлу бағасы 0,2 с болатын секундомер;

к) Екінші рет тұтануға арналған төзімділігі төмен болаттан әзірленген ішкі диаметрі (150 ұ 5) мм, биіктігі (150 ұ 5) мм, қабырға қалыңдығы (2,50 ұ 0,05) мм артық емес болатын тигель. Тигелде түптабанның ішіне орнатуға мүмкіндік беретін қапсырмасы болуы тиіс;

л) өлшеу ауқымы 0°С-дан 100 °С дейін және бөлу бағасы 1°С термометр;

м) жанғыш сұйықтық - ГОСТ 25828 бойынша н-гептан немесе АИ-92 (екінші класты) бензин;

н) 7.1.11 бойынша су.

Орта еселі көбікпен сөндіруге арналған сұлбаны Е қосымшасының Е.1 суретіне сәйкес қабылдайды.

7.3.10.2 *Сынаққа дайындық*

(20 ұ 2) °С температуралы көбіктендіргішпен сыналатын 100 $дм^3$ жұмыстық ерітіндісін дайындайды

Табақты жердің тегіс бетіне орналастырады.

Табаққа (30 ұ 1) $дм^3$ су және (55 ұ 1) $дм^3$ жанатын сұйықтық құяды.

Орта еселі көбік оқпанын табақтың жиегіне жел жақтан алғанда тігінен орналастырады.

Орта еселі көбікті генератордың сұлбасын Е қосымшасындағы Е.2 суретіне сәйкес қабылдайды.

Екінші рет тұтатуға арналған тигелді табақтан (2,5 ұ 0,1) м ара-қашықтықта орналастырады және оған (1,0 ұ 0,1) $дм^3$ жанатын сұйықтық құяды.

Құрылғының жұмысқа қабілеттілігін тексереді.

7.3.10.3 *Сынақты жүргізу*

7.3.10.3.1 *Орташа еселік көбік арқылы жанатын сұйықтықты сөндіру уақытын анықтауға арналған сынақ.*

Табақта немесе тигельде жанатын сұйықтықты жандырады.

Еркін жану уақыты (60 ± 5) с құрауы тиіс.

Еркін жану кезінде оқпанды өрт алаңынан алып шығады. Сорғыны қосады және оқпанды табақтың жиегіне орналастырады.

S/AR, AFFF/AR, FP/AR, FFFP/AR, AFFF, AFFF/AR-LV, FP, FFFP типті көбіктендіргіштерді сынақтан өткізген кезде көбікті (120 ұ 5) с уақыт аралығында береді, тіпті егер де сөну осы уақыттан бұрын болса да. S типті көбіктендіргіштерді сынаған кезде көбікті беруді (300 ұ 5) с уақыт аралығында жүзеге асырады, тіпті егер сөну осы уақыттан бұрын болса да.

Көбікті беру моментінен бастап жанып біту аралығындағы уақытты белгілейді.

Үш параллель сынақ жүргізеді.

Алғашқы екі сынақты сәтті өткізгенде үшіншісін жүзеге асырмайды.

7.3.10.3.2 *екінші рет тұтану уақытын анықтауға арналған сынақ*

Орта еселі көбікті беру уақыты аяқталғаннан кейін табақтың ішкі жағынан жанып жатқан тигельді екінші рет тұтану үшін бекітеді.

Тигелді орналастырған моменттен бастап табақтың барлық ауданы өртке оралғанға дейінгі уақыт аралығы белгіленеді.

Үш параллель сынақ жүргізіледі

7.3.10.3.1 *бойынша* бастапқы екі сынақта өртті сәтті сөндірген кезде үшіншісін 7.3.10.3.2 бойынша жүргізбейді.

7.3.10.4 *Сынақ нәтижелері*

Берілген ерітінді жіберу қарқындылығында екпіні орташа көбікпен сөндіру уақытын анықтау нәтижесі ретінде үш параллель сынақтар нәтижелерінің орташа арифметикалық мәні қабылданады.

Сынаудың тұрақты жағдайларында бір оператордың қайта жасаған сынағының нәтижелері арасындағы рұқсат етілетін айырмашылық 0,95 сенімді ықтималдықта ұ 10 % шегінде болуы тиіс.

Ерітінді жіберудің шектеулі (ең төмен) қарқындылығын анықтау нәтижесі ретінде үш сынақтар нәтижесінің орташа арифметикалық мәні қабылданады

7.3.11 Жоғары еселікті көбіктің жанатын сұйықтықпен өрт сөндіру уақытын анықтау әдісі

Әдістің маңыздылығы бекітілген жұмыстық ерітіндінің берілу қарқындылығының жоғары еселі көбік бар табақтағы жанатын сұйықтықтың сөну уақытын анықтауда болып табылады.

7.3.11.1 *Сынақ құралдары мен сынақ жабдықтары:*

а) оқпандағы қысым кезінде (0,50 ұ 0,01) Мпа көбіктендіргіш ерітіндісінің көлемдік шығынын қамтамасыз ететін (0,102 ұ 0,002) дм^3/с жоғары еселі көбік генераторы (*Г қосымшасы Г.5 суретін қараңыз)*;

б) оқпандағы қысым кезінде (0,50 ұ 0,01) Мпа шығын көлемін (0,10 ұ 0,02) дм^3/с қамтамасыз ететін су сорғысы;

в) төменгі төзімділікті болаттан жасалған дөңгелек табақ ішкі диаметрі (1480 ұ 15) мм дейін, ұзындығы(2000 ұ 50) мм, биіктігі (150 ұ 10) мм, қабырға қалыңдығы (2,50 ұ 0,05) мм және түп ауданы (1,72 ± 0,01) м^2 ;

г) тордан жасалған (төменгі төзімділікті болаттан жасалған сым диаметрі 0,4 мм бастап 2,0 мм дейін, жарықтағы ұяшық жағы 1,0 мм бастап 8,0 мм дейін, ұзындығы (2000 ұ 50) мм, биіктігі (1000 ұ 50) мм және ені (2000 ұ 50) мм) көбікті жинауға арналған экран.

д) *ҚР СТ 1714 бойынша қысымды өңеш*;

е) көбіктендіргіштің жұмыстық ерітіндісін дайындауға арналған сыйымдылығы (100 ұ 0,05) дм^3 болатын өлшегіш ыдыс;

ж) ГОСТ 2405 бойынша жоғарғы өлшеу шегі 1,00 МПа және бөлу бағасы 0,02 кгс/см^2 оқпанда орнатылған манометр;

и) өлшеу шегі 60 мин және өлшеу кінараты 0,2 с болатын секундомер;

к) өлшеу диапазоны 0 °С бастап 100 °С-қа дейін болатын термометр

л) жанғыш сұйықтық - ГОСТ 25828 бойынша н-гептан немесе АИ-92 (екінші класты) бензин;

м) 7.1.11 бойынша су.

7.3.11.2 *Сынаққа дайындық*

Температурасы (20 ұ 2) °С сыналатын көбіктендіргіштің жұмыстық ерітіндісін (100 ұ 0,05) дм^3 дайындайды.

Табақты экран ішінде көбікті жинау үшін жердің тегіс бетіне орналастырады.

Табаққа (30 ұ 1) дм^3 су құяды және (55 ұ 1) дм^3 жанатын сұйықтық құяды.

Генераторды оның көбігі жер қабатынан (0,65 ұ 0,05) м жоғары болатындай арбада табақтан (7,5 ұ 2,5) м ара қашықтықта орналастырады.

Құрылғының жұмысқа қабілеттілігін анықтайды.

Орналастыру сұлбасын Е қосымшасының Е.3 суретіне сәйкес қабылдайды.

7.3.11.3 *Сынақты жүргізу*

Табақтағы жанатын сұйықтықты жандырады.

Еркін жану уақыты (60 ± 5) с құрайды.

Сорғыны қосады. Жоғары еселікті көбік генераторын табаққа (1,0 ұ 0,1) м ара-қашықтыққа алып келеді.

Егер өрт сөндіру ерте басталса да көбіктендіргіштен көбікті беруді (120 ұ 2) с уақыт аралығында жүзеге асырады.

Көбіктің берілу моменті уақытынан бастап жану аяқталғанға дейінгі уақыт белгіленеді.

Үш сынақ жүргізеді.

Бастапқы екі сынақта өртті сәтті сөндірген кезде үшіншісін жүргізбейді.

7.3.11.4 *Сынақ нәтижелері*

Берілген ерітінді жіберу қарқындылығында екпіні орташа көбікпен сөндіру уақытын анықтау нәтижесі ретінде үш параллель сынақтар нәтижелерінің орташа арифметикалық мәні қабылданады.

Сынаудың тұрақты жағдайларында бір оператордың қайта жасаған сынағының нәтижелері арасындағы рұқсат етілетін айырмашылық 0,95 сенімді ықтималдықта ұ 15 % шегінде болуы тиіс.

Ерітінді жіберудің шектеулі (ең төмен) қарқындылығын анықтау нәтижесі ретінде үш сынақтар нәтижесінің орташа арифметикалық мәні қабылданады

7.3.12 Көбіктендіргіштің (шылағыш) жұмыстық ерітіндісінің жанатын сұйықтығымен беткі қабатты және фаза аралық созылуды анықтау әдістері

Көбіктендіргіштің (шылағыш) жұмыстық ерітіндісінің жанатын сұйықтығымен беткі қабатты және фаза аралық созылуды анықтау әдістерін «Сақинаны жұлып алу» әдісі арқылы жүзеге асырылады (Де-Нуи әдісі).

7.3.12.1 *Сынақ құралдары мен сынақ жабдықтары:*

а) тензиометр – өлшеу қателігі 0,1 мН/м артық емес беткі қабатты және фаза аралық сұйықтық созылуын өлшеуге арналған тәжірибелік аспап.

Жұмыстық ерітінділердің беткі қабатты созылуын анықтауға арналған тензиометр сұлбасы Ж қосымшасының Ж1 суретінде келтірілген.

Аспап автоматты түрде өлшегіш сақинаның көмегі арқылы беткі қабатты және фаза аралық созылу нәтижелерінде бес анықтамадан кем емес анықтауы тиіс. Аспапта өлшеуіш жүйенің жүктемеден қорғауынан тұруы тиіс, көлденең түрде қою үшін деңгей өлшегіш, ауаның ауытқуын және үлгі бергішінің температурасын тоқтатуға арналған қорғаушы

экран. Үлгісі бар кюветті ұстап тұруға арналған көлденең платформа үлгінің тік позициясында жоғары төмен қозғалып тұратын мүмкіндікке ие болуы тиіс;

б) тензиометрге арналған өлшеуші сақина.

Сақинаның сым темірі - диаментрі 0,3 мм кем емес дөңгелек, сақинаның төменгі бөлігі иілімдерсіз және кедір-бұдырсыз болуы тиіс. Сақина үзілмейтін шеңберге дәнекерленген болуы тиіс және екі параллель иінде ұстанылып тұруы тиіс. Өлшегіш сақиналардың иіндерінің ұзындығы (23 ұ 1) мм кем емес болуы тиіс. Сақинаның диаметрі (19 ұ 1) мм кем болмауы тиіс. Аспапқа орналастырған кезде сақинаның жалпақтығы жұмыстық ерітіндінің беткі қабат жалпақтығына параллель болуы тиіс;

в) көбіктендіргіштің (шылағыш) сулы ерітіндісіне арналған кювета. Кювета диаметрі (64 ұ 2) мм кем емес цилиндр формалы шыны ыдыс;

г) көбіктендіргіштің (шылағыш) жұмыстық ерітіндісін дайындауға арналған ГОСТ 1770 бойынша өлшеу сыйымдылығы 500 $см^3$ болатын өлшеуші цилиндр;

д) жанатын сұйықтық - ГОСТ 25828 бойынша н-гептан немесе ҚР СТ *1721 бойынша* бензин АИ-92 (екінші класты);

е) су өндіруші нұсқаулығына сәйкес.

7.3.12.2 *Сынаққа дайындық*

Кювета мен сақина тазартылған сумен жуылған, кептірілген болуы тиіс.

Сақинаны 5 мин бойы қосымша газ оттығығында күйдіреді және тензиометрдің салмақтық жүйесінің ілмегіне салып өлшейді.

Тензиометр дірілден тыс тұрақты негізді жерде орналастырылған болуы тиіс.

Жұмыстық концентрация көбіктендіргіштердің (шылағыштардың) ерітінділерін дайындайды.

Көбіктендіргіштер (шылағыштар) ерітінділерінің және жанатын сұйықтықтың температурасы (20,0 ұ 0,2) °С болуы тиіс.

Аспапты жөнге келтіруді жүзеге асырады.

Тензиометр басқару құралдарында мыналарды орналастырады:

а) анықтау әдісі - сақина;

б) көбіктендіргіштердің (шылағыштар) ерітінділерінің тығыздығы туралы деректер;

в) тензиометр платформасының түсірілу жылдамдығының мәні 0,15 мм/с бастап 0,30 мм/с дейін.

7.3.12.3 *Сынақты жүргізу*

Дайындалған жұмыстық ерітіндіні кюветаға құяды.

Кюветадағы сұйықтық бағанының биіктігі 15 мм бастап 20 мм болуы тиіс.

Жұмыстық ерітіндісі бар кюветаны тензиометрдің платформасына орналастырады.

Ерітіндінің температурасын тексереді.

Көтергіш механизмнің тұтқасымен немесе автоматты түрде тензиометрдің платформасын өлшеуші сақинаның ең алдымен жанатын сұйықтыққа, одан кейін жұмыстық ерітіндіге батырылып және оның ерітіндінің беткі қабатынана 1 мм төмен орналасуы тиіс.

Тензиометрдің басқару панелінде көбіктендіргіш пен жанатын сұйықтықтың тығыздығының әртүрлілігі туралы деректерді көрсетеді.

Өлшемдер автоматты түрде аяқталады.

Тензиометрдің басқару панелінде бес параллелді өлшеу нәтижелері бойынша беткі қабатты созылудың орташа мәні анықталады.

Тензиометрдің беткі қабат созылуын өлшеуді жүргізгеннен кейін тензиометр платформасын жұмыстық ерітіндінің кюветіне түсіреді, фаза араралық созылуды анықтау үшін жанатын сұйықтықты құяды.

Ерітінді бағаны мен жанатын сұйықтықтың биіктігі кюветте 30 мм бастап 40 мм құрауы тиіс.

Көтергіш механизмнің тұтқасымен немесе автоматты түрде тензиометрдің платформасын өлшеуші сақинаның ең алдымен жанатын сұйықтыққа, одан кейін жұмыстық ерітіндіге батырылып және оның ерітіндінің беткі қабатынана 1 мм төмен орналасуы тиіс.

Тензиометрдің басқару панелінде көбіктендіргіш пен жанатын сұйықтықтың тығыздығының әртүрлілігі туралы деректерді көрсетеді.

Тензиометр басқару панелінде салмақтық жүйені нөлге теңестіреді, одан кейін фаза аралық созылуды өлшеуді жүзеге асырады.

Өлшемдер автоматты түрде аяқталады.

7.3.12.4 *Сынақ нәтижелері*

Сынақ нәтижелері үшін бес параллель өлшемнің нәтижелері бойынша анықталған фаза аралық созудың орташа мәнін алып қарастырады.

8 *Тасымалдау және сақтау*

8.1 *Көбіктендіргіштерді тасымалдау және сақтау шарттары ГОСТ 15150 талаптарына және ГОСТ 2.601 бойынша нақты тұрпаттағы пайдалану шарттарына сәйкес болуы керек.*

8.2 *Көбіктендіргіштерді әмбебап құйылған құрылғылармен жабдықталған теміржол цистерналарында сонымен қатар металл бөшкелерде және полимерлі материалдардан жасалған ыдыстарда түгелдей металл жабық вагондармен немесе автокөліктермен тасымалдайды.*

Мақсатты бағытқа арналған құрамында фтор бар үлдір түзуші көбіктендіргіштерді тоттанбайтын болат, шыны полимер материалдардан жасалған ыдыстарда сонымен бірге полимерлі жабындысы бар металл бөшкелерде тасымалдайды.

8.3 *Қату температурасы минус 15 °С жоғары көбіктендіргіштерді қыс мезгілінде тасымалдауға рұқсат етілмейді. Мұндай құрамдарды сақтау температурасы 5 °С кем емес жылу берілетін жайларда ғана жүзеге асады.*

Қыс мезгілінде теміржол көлігімен тасымалдаған кезде бу жылытқыш жүйесімен жабдықталаған цистерналарды қолдану ұсынылады.

Көбіктендіргіштерді шыны және сынып қалатын ыдыста тасымалдаған кезде олардың қатып қалуынан және ыдыстың бүлінуі мүмкіндігінен сақтау керек.

8.4 *Кез-келген ыдыста қатып қалған көбіктендіргіштерді ерітудің оңтайлы температурасы 20 °С бастап 30 °С-қа дейінгі шекте болатын температура.*

Бірнеше рет қатып және қайта еріген барлық көбіктендіргіштер өз құрамын жоғалтпауға тиіс.

Қатып қалған көбіктендіргішті оны басқа нәрсемен араласып немесе ыдырап кетпейтіндей етіп қайта еріту қажет, одан кейін мүмкін болса араластыру қажет және одан кейін жүктемені жүзеге асыру қажет (өндіруші пломбасы болмаған жағдайда).

Көбіктендіргіштерді жылыту үшін (егер бұл өндірушімен тыйым салынбаған болса) бу ректүтігін қолдауға болады, сонымен қатар цистернадағы көбіктендіргіштің температурасы 60 °С аспауы тиіс немесе өндіруші ұсынған температурадан аспауы тиіс.

8.5 *Көбіктендіргіштерді тасымалдауға және сақтауға арналған ыдыс мұнай өнімдері мен химиялық реактивтердің қалдығынсыз таза болуы тиіс.*

8.6 *Барлық типті көбіктендіргіштерді концентрирленген түрде жабық және пломбаланған ыдыстарда сақтайды.*

Көбіктендіргіштерді сақтауға арналған жайлардағы температура 5 °С бастап 40 °С-қа дейінгі температура шегінде болуы тиіс, олар өнімнің сақталуын қамтамасыз етеді және оның дереу қолдануға мүмкіндік болады (пайдалануға).

8.7 *Көбіктендіргіштерді сақтау тоттанбайтын ыдыстарда жүзеге асырылады немесе полимерлі материалдардан жасалған ыдыстарда, соның ішінде болат эмаль ыдыстарда немесе ішінде полимерлі материалмен жабындалған ыдыста сақталады.*

Құрамында фтор бар көбіктендіргіштерді тек қана тоттанбайтын эмаальданған немесе полимерлі жабындысы бар ыдыстарда сақтайды немесе полимер материалдардан жасалған ыдыстарда сақтайды.

Полимерлі жабындысыз темірбетон ыдыстарында көбіктендіргіштерді сақтауға рұқсат етілмейді.

8.8 *Көміртекті көбіктендіргіштердің жұмыс ерітінділерін көміртекті болаттан жасалған ыдыстарда ұзақ сақтауға (6 айдан аса) рұқсат етілмейді.*

9 *Пайдалану нұсқаулары*

9.1 *Өнімді пайдалану белгіленген тәртіпте бекітілген нақты тұрпатты көбіктендіргіш (шылағыш) басқа нормативтік және нормативтік техникалық құжаттада белігленген пайдалану талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.*

9.2 *Тұтынушы (тапсырыс беруші) нормативті техникалық құжаттың көбіктендіргішті пайдалану шарттары бойынша талаптарымен танысып шығуы тиіс және нұсқаулықтарды орындауы тиіс.*

9.3 *Пайдалану кезінде көбіктендіргіштің (шылағыш) қабілеттілігін растау мақсатында өзінің алғашқы құрылымын сақтай отырып тұтынушы (тапсырыс беруші) шаруашылық нысанында сақталған көбіктендіргіштің (шылағыш) сапасына бақылау жүргізіп отыруы тиіс.*

9.4 *Көбіктендіргіштің (шылағыш) сапасын кезеңді бақылау бақылау сынақтары түрінде жүзеге асырылады:*

а) *өнімді сақтау шарттары бұзылған кезде;*

б) *өнімді сақтау мерзімі аяқталғаннан кейін;*

в) *шаруашылық нысанының басшысының талаптары бойынша.*

9.5 *Көбіктендіргіштердің (шылағыштардың) сапасын кезеңді бақылау шаруашылық нысанының басшысының бұйрығымен қалыптастырылған комиссия арқылы мынадай құрамда жүзеге асырылады:*

а) *шаруашылық нысанының өкілі, комиссия төрағасы;*

б) *Қазақстан Республикасының техникалық реттеу жүйесінде аккредиттелген жекеменшік формасынан тәуелсіз сынақ зертханасының өкілі;*

в) *өнімді дайындаушы-кәсіпорын (қажет болған жағдайда).*

9.6 *Көбіктендіргіштердің (шылағыш) сынамасын іріктеу бақылау сынақтарын жүргізу үшін 7.1.9 бойынша жүзеге асырылады.*

9.7 *Комиссия жұмыстарының нәтижелері бойынша комиссия мүшелерінің барлығының қолы қойылған акт жасалынады. Акт мазмұнымен келіспейтін комиссия мүшелері өздерінің «айрықша пікірлерін» жазып қалдырады.*

Актіге шаруашылық нысанда сақталынатын көбіктендіргіштің (шылағыш) сапа көрсеткішін анықтауға арналған бақылау сынақтарының хаттамасын тіркейді.

Өнімнің бақылау сынақтары хаттамасының үлгісі ҚР СТ РК ИСО/МЭК 17025-2007 (5.10 тармақты қараңыз) талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Комиссиямен алынған бақылау сынақтарының нәтижелері теріс болған жағдайда шаруашылықта сақталынатын көбіктендіргіштерді (шылағыштар) ауыстыру туралы шешім қабылданады.

9.8 *Көбіктендіргіштердің өнім сапасының көрсеткіштерін бақылау сынақтары оларды өртке қарсы қызмет бөлімшелерінде сақтау кезінде немесе көбік автоматты құрылғылармен шаруашылық нысандарында жылына бір рет жүзеге асырылады.*

9.9 *Көбіктендіргіштердің жұмыстық ерітінділерін сақтауға арналған өрт сөндіру көбікті қондырғыларында ішкі қабаты полимерлі материалмен немесе тоттанбайтын болатпен қапталған ыдыстар пайдалануы тиіс. Көрсетілген ыдыстар болмаған жағдайда көбіктендіргіштердің жұмыстық ерітінділерін бақылау сынақтары әр үш ай сайын жүргізіледі.*

9.10 *«S»типті көбіктендіргіштерді бақылау сынақтары мен «WA» шылағышын 1 кестеде келтірілген 1-8 және 12 бекітілген өнім сапасының көрсеткішін анықтау үшін жүзеге асырады.*

«S»типті көбіктендіргіштерді бақылау сынақтары мен «WA» шылағышын 1 кестеде келтірілген 1, 3, 4, 7, 8 және 12 бекітілген өнім сапасының көрсеткішін анықтау үшін жүзеге асырады.

«S/AR» типті көбіктендіргіштерден тұратын жұмыстық ерітінділерді бақылау сынақтары мен барлық фторлы құрамдар сонымен қатар сыйымдылықтағы мұнай және мұнай өнімдерін сөндіруге арналған көбіктендіргіштерден алынған жұмыстық ерітінділерді 1 кестеде келтірілген 1-8 бекітілген өнім сапасының көрсеткішін анықтау үшін жүзеге асырады.

«S/AR» типті көбіктендіргіштерден тұратын жұмыстық ерітінділерді бақылау сынақтары мен барлық фторлы құрамдар сонымен қатар сыйымдылықтағы мұнай және мұнай өнімдерін сөндіруге арналған көбіктендіргіштерден алынған жұмыстық ерітінділерді 1 кестеде келтірілген 1, 3, 4, 7, 8 және 13 бекітілген өнім сапасының көрсеткішін анықтау үшін жүзеге асырады.

Полярлық жанатын сұйықтықтарды сөндіруге арналған көбіктендіргіштерден тұратын жұмыстық ерітінділерді бақылау сынақтары 1 кестеде келтірілген 1-8 бекітілген өнім сапасының көрсеткішін анықтау үшін жүзеге асырады.

Полярлық жанатын сұйықтықтарды сөндіруге арналған көбіктендіргіштерден тұранын жұмыстық ерітінділерді бақылау сынақтары 1 кестеде келтірілген 1, 3, 4, 7, 8 және 13 бекітілген өнім сапасының көрсеткішін анықтау үшін жүзеге асырады.

9.11 *Көбіктендіргіштерді (шылағыштар) қолдану жөніндегі нұсқаулық И қосымшасында келтірілген.*

10 *Дайындаушы кепілдіктері*

10.1 *Белгіленген тәртіпте бекітілген нақты түрпатты көбіктендіргіш (шылағыш) басқа нормативтік және нормативтік техникалық құжаттада белігленген пайдалану, тасымалдау және сақтау шарттары сақталғанда дайындаушы-зауыт көбіктендіргіш (шылағыш) осы стандартда белгіленген талаптарына сәйкестігіне кепілдік беру керек.*

10.2 *Көбіктендіргіш (шылағыш) кепілдік беру мерзімі белгіленген тәртіпте бекітілген нақты түрпатты көбіктендіргіш (шылағыш) басқа нормативтік және нормативтік техникалық құжаттамада, бірақ пайдалануға енгізілген сәтінен бастап 12 айдан кем емес белгіленуі керек.*

А қосымшасы
(міндетті)

А.1 - кесте Қабылдау, қабылдау-өткізу, кезеңдік және сертификатталған сынақтардың бағдарламасы

Көрсеткіш	*Осы стандарт тармағының нөмірі*		*Сынақтар*		
	Техникалық талаптар	*Сынақ әдістері*	*Қабылдау өткізу*	*Кезеңдік*	*Қабылдау; Сертификатталған*
1 Сыртқы түрін анықтау бойынша сынақ	*1 кесте 1 тармақ*	*7.3.1*	+	+	+
2 Көбіктендіргіштің сақталғыштығын анықтау бойынша сынақ	*1 кесте 2 – 9 тармақтар*	*7.3.2*	+	-	+
3 ℃-тағы кинематикалық тұтқырлығын анықтауға арналған сынақ	*1 кесте 3 тармақ*	*7.3.3*	+	-	+
4 20 ℃ –тағы сутектік көрсеткішін анықтау бойынша сынақ (pH)	*1 кесте 4 тармақ*	*7.3.4*	+	+	+
5 Қату температурасын анықтау бойынша сынақ	*1 кесте 5 тармақ*	*ГОСТ 18995.5*	+	-	+
6 Ең төмен қолдану температурасы	*1 кесте 6 тармақ*	*7.3.5*	-	-	+
7 Шылағыш қабілетінің көрсеткішін анықтау бойынша сынақ	*1 кесте 7 тармақ*	*7.3.6*	+	+	+
8 Көбіктендіргіштердің (шылағыштар) шылағыштық қабілетінің көрсеткіштерін теңіз және тұщы суды қолдану арқылы анықтау бойынша сынақтар	*1 кесте 8 және 9 тармақтар*	*7.3.7*	+	+	+
9 Төменгі еселікті көбіктің жанатын сұйықтықпен уақытты анықтау және екінші рет тұтану уақытын анықтау әдісі	*1кесте 10 а) және 11 а) тармақтар*	*7.3.8*	-	-	+
10 Орташа еселікті көбіктің жанатын сұйықтықпен уақытты анықтау әдісі (стендтік әдіс)	*1кесте 10 б) тармақ*	*7.3.9*	+	-	+
11 Орташа еселікті көбіктің жанатын сұйықтықпен уақытты анықтау және екінші рет тұтану уақытын анықтау әдісі	*1кесте 10 в) және 11 б) тармақтар*	*7.3.10*	-	-	+
12 Жоғары еселікті көбіктің жанатын сұйықтықпен өрт сөндіру уақытын анықтау әдісі	*1кесте 10 г)тармақ*	*7.3.11*	-	-	+
13 Көбіктендіргіштің жұмыстық ерітіндісінің жанатын сұйықтығымен беткі қабатты және фаза аралық созылуды анықтау әдістері	*1кесте 11 және 12 тармақтар*	*7.3.12*	-	+	+

Ескертпе

1 20 ℃ көбіктендіргіштің тығыздығы ГОСТ 18995.1 бойынша анықталады;

2 Нақты тұрпаттағы көбіктендіргіштерді тексеру көзбен шолып бақылау арқылы 5.2, 5.3, 6.1 – 6.14, 8 – 10 талаптарына сәйкес жүзеге асады және пайдаланушы құжаттамалар арқылы нақты тұрпаттағы көбіктендіргіштермен салыстырылады.

Б қосымшасы
(міндетті)

Қатты және теңіз су модельдері

Қатты су моделін жасау үшін Б.1. кестесінде келтірілген заттар қолданылады

Б.1 кестесі – Қатты су моделін жасауға қолданылатын заттар

Заттың атауы	Заттың химиялық формуласы	Заттың құрамы, % (масс.)
1 ГОСТ 6709 бойынша тазартылған су немесе ауыз су	H_2O	99,8794
2 ГОСТ 4209 бойынша 6-сулы хлорлы натрий	$MgCl_2 \cdot 6H_2O$	0,0381
3 2-сулы кальций хлорид	$CaCl_2 \cdot 2H_2O$	0,0825

Теңіз суын жасауға Б.2 кестесінде келтірілген заттар қолданылады.

Б.2 кестесі – Теңіз суын жасауға арналған заттар

Заттың атауы	Заттың химиялық формуласы	Заттың құрамы, % (масс.)
1 ГОСТ 6709 бойынша тазартылған су немесе ауыз су	H_2O	95,84
2 ГОСТ 4209 бойынша 6-сулы хлорлы натрий,	$MgCl_2 \cdot 6H_2O$	1,1
3 2-сулы кальций хлорид	$CaCl_2 \cdot 2H_2O$	0,16
4 ГОСТ 4166 бойынша сусыз күкірт қышқыл натрий	Na_2SO_4	0,40
5 ГОСТ 4233 бойынша хлорлы натрий	NaCl	2,50

В қосымшасы
(міндетті)

Өлшемдері миллиметрмен



В.1 сурет - Жұмыстық ерітіндіге мақта матадан жасалған үлгіні қысып батыру үшін жасалған қондырғы сұлбасы



1 – бос цилиндр;
2 – бекіткіш бұрама;
3 – екі сүзгі (ағартылмаған мақта-мата астар);
4 – түбі үшкіл ағызғы;
5 – «ЧБН-1-40» шыны-аяқ;
6 – зертханалық тағаң.

В.2 сурет - Теңіз және қатты суды пайдаланғанда көбік сүзгіштердің шылағыш қабілетінің көрсеткішін анықтауға арналған құрылғының сұлбасы

Г қосымшасы
(міндетті)

Өлшемдері миллиметрмен



1 – көбік генераторы;
2 – *ҚР СТ 1714 бойынша қысымды өңеш*;
3, 4 – манометрі бар келтек құбыр;
5 – сорғы;
6 – ГОСТ 5398 бойынша сорғыш өңеш;
7, 8 – ыдыс;
9 – ГОСТ 24104 бойынша таразы.

Г.1суреті – Көбік еселігі мен беріктігін анықтауға арналған қондырғының сұлбасы



а) жалпы көрінісі б) шашыратқыш сұлбасы

1 – көбік генераторының корпусы;
2 – тор пакеті;
3 – шашыратқыш.

Г.2 сурет–ГПС-100 орташа еселікті көбік генераторының сұлбасы



1 – құбыр;
2 – тыныштандырғыш;
3 – жалғастырғыш;
4, 7 – жалғастық;
5 – шашыратқыш;
6 – араластырғыш;
8 – ауыстырғыш;
9 –ГМ-50 қысымды тиекбас.

Г.3 сурет – Екпіні төмен көбік генераторының сұлбасы



а) Сыйымдылықтың жалпы көрінісі б) Тесіктердің орналасу сұлбасы

Г.4 сурет – Көбік жинауға арналған сыйымдылық сұлбасы



1 – электр өткізгіші бар желдеткіш;
2 – манометрі бар кран;
3 – шашыратқыш;
4 – тор.

Г.5 сурет – Жоғары еселі көбік генераторының сұлбасы

Д қосымшасы
(міндетті)

Өлшемдері миллиметрмен



1 – көбік генераторы;
2, 9 – ротаметр;
3 – бөшке;
4, 5, 7, 8 – кран;
6 – манометр;
10 – табақша;
11 – қоршау;
12 – жылжымалы ұстағыш.

Д.1кесте – Орташа көбік еселігінің өртті сөндіру уақытын анықтауға арналған құрылғы



1 – корпус;
2 – торлар пакеті;
3 – шашыратқыш.

Д.2 сурет – Екпінді орташа көбік генераторының сұлбасы (стендті әдіс)

Е қосымшасы
(міндетті)

Өлшемдері миллиметрмен



1 – көбіктендіргіштің жұмыс ерітіндісі ыдысы;
2 – сорғы;
3 – құбыржол;
4 – ағысты ұстағыш;
5 –манометр;
6 – өрт оқпаны;
7 – табақша;
8 – отбақыр

Е.1сурет – Орташа еселі өрт сөндіру көбігінің уақытын анықтауға арналған құрылғының сұлбасы



1 – тор;
2 – корпус;
3 – шашыратқыш;
4 – манометр;
5 – кран;
6 – байланыстырушы бастиек.

Е.2 сурет – Орташа еселі көбікті өрт оқпанының сұлбасы



1 – жылжымалы платформадағы жоғары еселі көбік генераторы;
2 – жоғары еселікті көбік;
3 – жанғыш зат бар табақша;
4 – көбік жинауға арналған экран

Е.3 сурет – Орта еселі көбікпен сұйықтықтың жану уақытын анықтауға арналған қондырғы сұлбасы

Ж қосымшасы
(ақпараттық)



1 – өлшеуіш сақина;
2 – өлшеуіш сақина иығы;
3 –тензиометрдің горизонтальді платформасы;
4 – үстел көтеру механизмінің ұстағышы;
5 – тензиометр басқару панелі;
6 – жұмыстық ерітіндісі бар кювета;
7 – салмақтық жүйе;
8 – қорғаушы экран

Ж.1суреті –Жұмыстық ерітіндінің беткі қабатты созылуын анықтауға арналған тензиометр сұлбасы

И қосымшасы
(ақпараттық)

Көбіктендіргіштерді (шылағыштарды) қолдану бойынша нұсқаулық

И.1 *Көбіктендіргіштер өрт сөндіруді беткі қабатты немесе көлемдік әдіс арқылы қамтамасыз етуі тиіс. Көбікпен өрт сөндірудің нәтижелілігі көбіктендіргіштің типіне байланысты болады және талап етілетін уақыт ішіндегі көбіктің берілуінің нормативті қарқындылығына байланысты болады.*

Беткі қабатты өрт сөндіру кезінде төменгі және орташа еселікті көбікті пайдалану ұсынылады, ал көлемдік өрт сөндіру үшін - жоғары және орташа еселік көбік пайдаланылады.

И.2 *Үлдір түзуші құрамында фтор бар көбіктендіргіштерді беткі қабатты немесе қабат асты мұнайды сөндіруге арналған, көмірқышқылды және автокөлікті жанармайды.*

Құрамында фтор бар көбіктендіргіштерді потенциалды қауіпті нысандарда қолдануға ұсынады, мұнай өнімдерін қайта өңдіру және тасымалдау, өндірісті кәсіпорындарда және резервуарды парктерде сұйық отындардың үлкен өрт ошақтарын сөндіру.

И.3 *Резервуарларды домалатқан кезде өртті сөндіру үшін орташа және төмен еселі көбік түзуші құрамында фтор бар көбіктендіргіштерді пайдалану керек.*

Төгілген мұнай және мұнай өнімдерінің сөндіру үшін мынадай типтегі көбіктендіргіштерді пайдаланады: «AFFF», «AFFF/AR», «FFFP», «FFFP/AR», «AFFF/AR-LV».

И.4 *Беткі қабатқа көбікті біркелкі беруді жоспарлаған кезде және жанатын сұйықтықтың қабатына беру кезінде бір типті көбіктендіргішті пайдалану керектігін ескеру керек.*

Мұнай және мұнай өнімдерінің, көмірсутекті және автокөлікті жанармай үшін қабатты өрт сөндіру үшін «S» және «S/AR» типті көмірсутекті көбіктендіргіштер қолданылмайды.

И.5 *«S/AR» типті синтетикалық спиртке төзімді көмірсутекті көбіктендіргіштерді төгілген көмірсутекті жанатын сұйықтықтарды сөндіру үшін пайдаланады сонымен қатар, құрамында фтор бар көбіктендіргіштерді пайдалану мақсатсыз болып табылғанда және өрттің ары қарай жайылу қаупі жоқ болған кезде пайдаланылады.*

И.7 *Полярлы суда еритін жанатын сұйықтықты және көмірсутекті жанатын сұйықтық 30 % артық болатын көмірсутекті жанатын сұйықтықты сөндіру үшін шаруашылық нысанасын спиртке төзімді көбіктендіргіштермен жабдықтайды.*

И.8 *Көлемі 10 мың $м^3$ және одан да көп болатын мұнай және мұнай өнімдерін сақтауға арналған резервуарларды өрттен қорғау үшін жанудың беткі қабатына біркелкі етіп бір типті үлдір түзуші көбіктендіршгішті қолдана отырып көбікті түрлендірген әдіспен беру арқылы жүзеге асырады.*

И.9 *Суда еритін жанатын сұйықтықтарды және құрамында 30% артық полярлы жанатын сұйық бар мұнай өнімдерін сөндіру үшін сыйымдылықтың көлеміне байланысты емес жанудың беткі қабатына спиртке төзімді көбікті қолданады.*

Суда еритін жанатын сұйықтықтарды қабатты әдіс арқылы сөндіруге рұқсат етілмейді.

И.10 *Әуе кемесінің апатты түрде қонған кезде ұшу қону жолағын жабындау үшін және болуы ықтимал өртті сөндіруге төменгі еселі көбікті үлдір түзуші*

көбіктендіргіштер қолданылады, олар 7.1.11 бойынша судың кез-келген түрін қолданғанда көбік түзуге және сөндіруге қабілетті.

И.11 *Төгу құйып алу эсакадаларындағы өртті сөндіру үшін мақсатты бағытқа арналған құрамында фтор бар төменгі және орта еселі көбікті көбіктендіргіштермен жүзеге асырылады.*

И.12 *Пластикалық орамдағы тауарларды сақтайтын қоймаларда болған өртті көмірсітекті синтетикалық немесе құрамында фтор бар жоғары және орташа еселі көбікті көбіктендіргіштерды қолдану арқылы жүзеге асырады.*

Көмірсутекті және құрамында фтор бар синтетикалық көбіктендіргіштердегі жоғары еселі көбікті бөлме ішінде өрт сөндіруге қолданады.

И.13 *Полимерлі қалдықтарды сақтау және қайта өңдеу кәсіпорындарындағы өртті сөндіру үшін шылағыш ерітінділерін пайдаланады, мақсатты бағытқа арналған төменгі және орташа еселікті көбіктендіргіштер пайдаланылады.*

И.14. *Тұрақты газды конденсантты жоғары және төмен еселі көбік түзуші қабілеті бар «AFFF/AR» және «FFFP/AR» типті көбіктендіргіштер арқылы сөндіру ұсынылады. Сұйытылған табиғи газдарды көбікпен сөндіруге болмайды.*

И.15 *Шиналар мен доңғалақ тыстары сақталған қоймаларды сөндіру төменгі және орта еселі көмірсутекті немесе құрамында фтор бар көбіктендіргіштерді қолдану арқылы жүзеге асады.*

Көмірсутекті синтетикалық немесе құрамында фтор бар жоғары еселі көбіктендіргіштерді бөлме ішіндегі өртті сөндіру үшін қолданады.

И.16 *Қағаз орамаларын сақтауға арналған үй-жайлардағы (қойма) өртті сөндіру үшін шылағыштардың ерітінділерін, көмірсутекті көбіктендіргіштердің төменгі еселі көбіктерін қолданады.*

И.17 *Кемежай айлағындағы теңіз суын қолданған кезде көбік түзуге және өртті сөндіруге қабілетті төменгі және орта еселікті көмірсутекті немесе үлдір түзуші мақсаттық бағытқа арналған көбіктендіргіштермен сөндіреді.*

И.18 *Кеме трюмалары мақсаттық бағытқа арналған көмірсутекті немесе құрамында фтор бар көбіктендіргіштермен қорғанады.*

Жоғары еселікті көбік кеменің машиналық көлемді бөліміндегі өртті сөндіру үшін қолдануға арналады.

И.19 *Мұнай және мұнай өнімдері бар танкерлердегі өртті теңіз суын пайдаланған кезде көбік түзуге қабілетті төменгі және орташа еселікті құрамында фтор бар немесе көмірсутекті мақсаттық бағытқа арналған көбіктендіргіштермен сөндіреді.*

И.20 *Мұнай платформаларындағы өртті теңіз суын пайдаланған кезде көбік түзуге қабілетті төменгі және орташа еселікті құрамында фтор бар мақсаттық бағытқа арналған көбіктендіргіш арқылы сөндіреді.*

И.21 *Кернеуден ажыратылған маймен толтырылған трансформаторлар мен үлестіргіш құрылғылардағы өртті сөндіру үшін құрамында фтор бар мақсаттық бағытқа арналған төменгі және орташа еселікті көбіктендіргіштерді пайдаланады.*

Жоғары еселікті көмірсутекті синтетикалық немесе құрамында фтор бар көбіктендіргіштерді маймен толтырылған трансформаторлар мен үлесатіруші құрылғыларды үй-жайдың ішінен тапқан кезде қолданады.

И.22 *Кабельді тоннельдерді толтыру үшін көмірсутекті синтетикалық көбіктендіргіштерден алынған көбіктерді пайдаланады.*

И.23 *Тұрғын үй жертөлелерін толтыру үшін көмірсутекті көбіктендіргшітерден тұратын орташа және жоғары еселікті көбікті пайдаланады.*

И.24 *Тоқыма кәсіпорындарын, қатты гидрофобты, талшықты сөндіру үшін және бықсып жанудың алдын алу үшін шылағыштардың ерітінділерін пайдаланады.*

И.25 *Қала сыртында орналасқан көлік жанармай бекеттерін сөндіру үшін құрамында фтор бар көбіктендіргіштерді қолданған кезде ол мақсатсыз болатын болса және өрттің жайылып кету қаупі болмаған кезде көбіктің орта еселігін түзетін сулы көміртекті «S» және «S/AR» типті көбіктендіргіштер пайдаланылады.*

И.26 *Шылағыштардың жұмыстық ерітінділері полимерлі материалдарды, резеңкелерді, ағаштарды, көмірді және қағазды сөндірген кезде қолданылады.*

И.27 *«WA» типті көбіктендіргіштерден алынған шылағыштардың жұмыстық ерітінділері төменгі көбік түзгіш қабілетке ие болады және борпылдақ материалдың тез сіңіруіне септігін тигізеді.*

«WA» типті көбіктендіргіштерден алынған шылағыштардың жұмыстық ерітінділерін талшықты материалдарды, сабанды, шымтезектерді, матаны, мақтаны ағашты сөндіру үшін қолданылады.

И.28. *Шылағыш суды қатты гидрофобты, талшықты жанатын материалдарды сөндіруге қолданады және бықсып жану ошақтарының алдын алу үшін қолданады.*

И.29 *Өртке арналған шылағышы бар трансформаторларды, жанатын сұйықтықтарды,* металдарды, *тыңайтқыштар мен улы химикаттар үшін су қолданылмайды*

К қосымшасы
(ақпараттық)

К.1 кестесі - ГОСТ Р 50588–2012 құрылымын осы стандарт құрылымымен салыстыру

ГОСТ Р 50588-2012 құрылымы			*Осы стандарт құрылымы*		
Бөлім	***Бөлімше***	***Тармақ***	***Бөлім***	***Бөлімше***	***Тармақ***
4	*-*	*4.1*	*5*	*5.1*	*5.1.1*
	-	*4.2*			*5.1.2*
-	*-*	*-*		*5.2*	*5.2.1*
-	*-*	*-*			*5.2.2*
-	*-*	*-*		*5.3*	*5.3.1 - 5.3.8*
-	*-*	*-*	*6*	*-*	*6.1 – 6.14*
-	*-*	*-*	*7*	*7.1*	*7.1.1 – 7.1.10*
-	*-*	*-*		*7.2*	*7.2.1 – 7.2.3*
5	*5.1*	*5.1.1*		*7.1*	*7.1.11*
		5.1.2	*А.1 кестесі А қосымшасы*		
	5.2	*-*	*7*	*7.3*	*7.3.1*
	5.3	*5.3.1*			*7.3.7*
		5.3.2			
	5.4	*-*			*7.3.8*
	5.5	*-*			*7.3.9*
	5.6	*-*			*7.3.10*
	5.7	*-*			*7.3.11*
	5.8	*-*			*7.3.12*
	5.9	*-*			*7.3.6, а)*
	5.10	*-*			*7.3.6, б)*
-	*-*	*-*	*8*	*-*	*8.1 – 8.8*
-	*-*	*-*	*9*	*-*	*9.1 – 9.11*
-	*-*	*-*	*10*	*-*	*10.1 – 10.2*
А қосымшасы (міндетті)			*Б.1кестесі Б қосымшасы*		
Б қосымшасы (міндетті)			*Б.2 кестесі Б қосымшасы*		
-			*А қосымшасы (міндетті)*		
11 және 14 суреттер			*В қосымшасы (міндетті)*		
1 – 5 суреттер			*Г қосымшасы (міндетті)*		
6 сурет			*Д қосымшасы (міндетті)*		
7 – 9 суреттер			*Е қосымшасы (міндетті)*		
10 сурет			*Ж қосымшасы (ақпараттық)*		
-			*И қосымшасы (ақпараттық)*		
-			*К қосымшасы (ақпараттық)*		
Библиография			*Библиография*		

Ескертпе - Осы ұлттық стандарттың құрылымын салыстыру 4 бөлімнен бастап берілген, өйткені алдыңғы осы ұлттық стандарттың бөлімі және басқа құрылымдық элементтер («Алғысөз» және «Кіріспе» қоспағанда) ұқсас.

Библиография

[1] *Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 маусымдағы № 302-III «Химиялық өнімнің қауіпсіздігі туралы» Заңы.*

[2] *Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 4 ақпандағы № 90 «Сәйкестікті растау процедуралары техникалық регламентін бекіту туралы қаулысы».*

[3] *"Буып-түюге, таңбалауға, затбелгі жапсыруға және оларды дұрыс түсіруге қойылатын талаптар" техникалық регламентін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 21 наурыздағы N 277 Қаулысы*

[4] *2009 жылғы 16 қаңтардағы № 16 «Объектілерді қорғауға арналған өрт техникасы қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенті*

[5] *«Буып-түю қауіпсіздігі туралы» Кеден одағының техникалық регламенті (2011 жылғы16 тамыздағы №769 Кеден одағының Шешімімен бекітілген).*

ӘӨЖ 661.185:614.84:006.354 **МСЖ 13. 220.10**

Түйін сөздер: Өрт сөндіруші заттар, өрт сөндіруге арналған көбіктендіргіштер, классификация, техникалық талаптар, қауіпсіздік, сынақ әдістері



НАЦИОНАЛЬНЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ПЕНООБРАЗОВАТЕЛИ ДЛЯ ТУШЕНИЯ ПОЖАРОВ

Общие технические условия

СТ РК 1609–2014

(ГОСТ Р 50588–2012 Пенообразователи для тушения пожаров. Общие технические требования и методы испытаний, MOD)

Издание официальное

Комитет технического регулирования и метрологии Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан (Госстандарт)

Астана

Предисловие

1 РАЗРАБОТАН Акционерным обществом «Научно-исследовательский институт пожарной безопасности и гражданской обороны» Комитета по чрезвычайным ситуациям Министерства внутренних дел Республики Казахстан

ВНЕСЕН Комитетом по чрезвычайным ситуациям Министерства внутренних дел Республики Казахстан

2 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ приказом Председателя Комитета технического регулирования и метрологии Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан от «31» октября 2014 года № 223-од

3 Настоящий стандарт модифицирован по отношению к национальному стандарту Российской Федерации ГОСТ Р 50588–2012 «Пенообразователи для тушения пожаров. Общие технические требования и методы испытаний» (далее по тексту – ГОСТ Р 50588–2012) путем внесения дополнительных положений, разъяснения по которым приведены в структурном элементе «Введение», и по тексту стандарта выделены курсивом

ГОСТ Р 50588–2012 разработан Федеральным государственным учреждением «Всероссийский научно-исследовательский институт противопожарной обороны» Министерства Российской Федерации по делам Гражданской обороны, чрезвычайным ситуациям и ликвидации последствий стихийных бедствий

Официальные экземпляры ГОСТ Р 50588–2012 на основе которого разработан настоящий стандарт, а также межгосударственные стандарты и международные документы на которые в нем даны ссылки, имеются в Едином Государственном фонде нормативных технических документов

Сравнение структуры ГОСТ Р 50588–2012 со структурой настоящего национального стандарта приведено в Приложении К. Структура ГОСТ Р 50588–2012 изменена в связи с особенностями построения, изложения, оформления и содержания национальных стандартов Республики Казахстан

Степень соответствия – модифицированная (MOD)

4 В настоящем стандарте реализованы нормы законов Республики Казахстан от 9 ноября 2004 года № 603-II «О техническом регулировании», от 21 июля 2007года № 302-III «О безопасности химической продукции», от 11 апреля 2014 года № 188-V «О гражданской защите», постановлений Правительства Республики Казахстан от 21 марта 2008 года № 277 «Об утверждении технического регламента «Требования к упаковке, маркировке, этикетированию и правильному их нанесению», от 16 января 2009 года № 16 «Об утверждении технического регламента «Требования к безопасности пожарной техники для защиты объектов»

5 СРОК ПЕРВОЙ ПРОВЕРКИ 2019 год

ПЕРИОДИЧНОСТЬ ПРОВЕРКИ 5 лет

6 ВЗАМЕН СТ РК 1609–2006

